25 ASTANA
ӘЛЕМДІК ДІНДЕР ДІҢГЕГІ
4-БЕТ | ЕЛОРДА

АПАТ АШҚАН АҚИҚАТ
6-БЕТ | САРАПТАМА

САМОКАТ ҚАҒЫП КЕТПЕСІН
7-БЕТ | МӘСЕЛЕ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Былтыр Қазақстан экспорты 40 пайызға артты. Дегенмен біздің жалпы ішкі өнімнің едәуір бөлігі бұрынғыша энергетикалық секторға тиесілі. Сондай-ақ экономиканы әртараптандыруға деген ұмтылысымыз артып келеді. Автомобиль құрастыру, фармацевтика, металл өңдеу және машина жасау сияқты бірқатар салада өсім бар екенін байқап отырмыз. Біз іскерлік және экономикалық серіктестік үшін жаңа мүмкіндіктер іздегендердің бәрін шақырамыз.

№70
(4503)
Бейсенбі
15 маусым
2023 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

АСТАНАДА ҚАНША ЛАГЕРЬ БАР?

Кезекті оқу жылы аяқталып, оқушылар бүгінде каникулда жүр. Биыл Астана балалары үшін 155 жазғы лагерь жұмыс істейді. Бұл демалыс орындарында 200 мыңға жуық оқушы білім беру, шығармашылық, емдеу-сауықтыру, спорттық іс-шаралармен қамтылады.

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР ЕСІМІ БЕРІЛДІ

Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 12 маусымдағы №511-1116 қаулысына сәйкес, елорданың 6 мектебі ресми түрде тарихи тұлғалар есімімен аталатын болды.

Атап айтқанда, №1 мектеп-лицейге Кеңес Одағының Батыры, авиация генерал-майоры Талғат Бигельдиновтің, №70 мектеп-лицейге көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің, №92 мектеп-лицейге геология-минералогия ғылымдарының докторы, академик, ҚР Ұлттық ғылым академиясының алғашқы құрылтайшысының бірі, жазушы-зерттеуші Ақжан Әл-Машанидің, №65 мектеп-гимназияға Алаш қозғалысының қайраткері, қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі Мағжан Жұмабайұлының, №88 мектеп-лицейге Қазақстанның Халық жазушысы, көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлінің, №1 өнер мектебіне қазақтың әйгілі күйші-композиторы, домбырашы, шертпе күй мектебінің негізін қалаушының бірі Тәттімбеттің есімі берілді.

ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАР ҚАМҚОРШЫСЫ

Кеше Мәжіліс Ұлттық қордан балаларға төлем жасау мәселелері бойынша түзетулерді бірінші оқылымда қарады. Жоба Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында әзірленген.

Заң жобасының мақсаты – Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық кірісінен балаларға ақшалай жинақ түрінде мемлекеттен алғашқы көмек беру, кәмелет жасына толған балаларға тұрғын үй жағдайын жақсарту немесе білім алу мүмкіндігін беру.

18 жасқа толғаннан кейін шоттағы қаражат 10 жыл бойы сақталады. Көрсетілген кезеңде азамат тарапынан талап етілмеген жағдайда, шоттағы қаражатты сол адамның зейнетақы шотына аудару ұсынылады.

Жобаға қатысу үшін қандай да бір мемлекеттік органға жүгінудің қажеті жоқ, есептеулер автоматты түрде жүзеге асады, есепке алуды БЖЗҚ жүргізеді.

Жинақталған қаражатты 18 жасқа толғаннан кейін ғана пайдалануға болады және төленетін қаражат салықтан босатылады.

№70 (4503) 15/06/2023 Бейсенбі

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Италияның көрнекті мемлекет қайраткері, бұрынғы Премьер-министрі Сильвио Берлусконидің дүниеден өтуіне байланысты Министрлер кабинетінің Төрағасы Джорджа Мелониге көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Еліңіз бүкіл өмірін Италия халқына қызмет етуге арнаған көрнекті мемлекет қайраткерінен, әлемдік деңгейдегі саясаткерден, дарынды әрі парасатты көшбасшыдан айырылды. Сильвио Берлускони екі ел арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға елеулі үлес қосқан Қазақстанның шынайы досы еді. Оның көшбасшылық қасиеті және Италияны дамытуға қосқан зор үлесі ешқашан ұмытылмайды» деп жазылған жеделхатта.

АСТАНА ЖЫЛУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Бас қала әкімі Жеңіс Қасымбек әлеуметтік желідегі парақшасында елорданың жылыту маусымына дайын екенін айғақтайтын жазба жариялады.

Қала басшысы енді жылумен қамту көлемі едәуір ұлғайып, болашақта құрылыс жүретін аудандар да жылыту маусымына мерзімінен бұрын дайын тұратынын жеткізді. Бұған себеп – салынып жатқан 2 газ жылу станциясы биыл іске қосылады. Ж.Қасымбек «Тұран» және «Оңтүстік-Шығыс» станцияларының құрылысымен танысты. Олардың қуаты тұрғындарды ұзақ күттірген №3 жылу электр станциясынан да асып түседі. Құрылысы ұзаққа созылған электр станциясы да биыл дайын болуы тиіс.

ЖАНЖАЛДЫ УШЫҚТЫРМАЙ ШЕШЕДІ

Бүгінгі таңда медиация институты отбасы мәселесін шешудің тиімді құралына айналып, өзінің маңызы мен қажетін дәлелдеді. Адамдар даулы жағдайды шешу үшін медиатордың қызметіне бұрынғыдан көбірек жүгінуде. Осыған орай, елордадағы Достық үйінде «Отбасы медиациясы және отбасы жанжалдарын шешу» тақырыбында жиын өтті.

Индира БЕРЖАНОВА

Елорданың кәсіби медиаторлары, психологтары мен судьялары тұрмыстағы жанжалдарды тиімді шешу мәселесін талқылады. Дөңгелек үстелді ашып, сөз сөйлеген Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Дәурен Бабамұратов отбасындағы жанжалдарға, зорлық-зомбылыққа, әсіресе балаларға қатысты теріс ақпарат әлеуметтік желіде жиі кездесетінін атап өтті.

– Біз отбасы құндылығын жастар арасында белсенді түрде насихаттап, отбасындағы қарым-қатынастың оң бейнесін жасауымыз керек. Сондай-ақ отбасы институты және олардың қазіргі қоғамдағы маңызы туралы заманауи әдістерді жеткізе алатын қоғамдық пікір көшбасшыларын қалыптастыру маңызды, – деді Дәурен Бабамұратов.

«Татуласу (медиация) орталығы» жобасының негізгі мақсаты – отбасылық жанжалдарды медиация әдісімен реттеу рәсімдерінің артықшылығын түсіндіру, яғни тараптардың заңды мүддесін, құқығын қорғау, сондай-ақ медиация рәсімдерін насихаттау және қаладағы отбасылық-тұрмыстық қатынастардағы жанжал деңгейін төмендету. Аталған жобаны жүзеге асыру аясында М.Әуезов көшесіндегі 19-үйде арнайы кеңсе жұмыс істейді. Онда қоғамдық қабылдау және психологиялық-құқықтық кеңестер беру бойынша «сенім телефоны» бар. Әрбір азаматпен түсіндіру жұмысы жүргізіліп, заңгер кеңесі беріледі. Медиаторлар мен құқық қорғау органдары бірлесіп жұмыс істейді. Сонымен бірге, аталған жоба аясында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға қатысты өзара іс-қимыл тетігін талқылау мақсатында Астана қаласы судьяларының міндетін атқарушылардың, заңгерлердің, білікті мамандардың және мақсатты аудиторияның қатысуымен семинар-тренинг, кездесу өткізу жоспарлануда.

Өткен жылы жоба аясында түрлі мәселе бойынша 500-ден астам азамат жүгінген. Олардың ішінде ең көп кездескені: отбасындағы жанжал, қызғаныштан туындаған қақтығыс, ішімдікке салыну, қаржылық қиындықтар, тұрақты және жеке баспананың болмауы, материалдық жағдайдың төмендігі, жұмыссыздық секілді мәселелер.

Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының бастамасымен отбасында туындаған дауды медиация институтының әлеуетін дұрыс пайдалана отырып шешу мақсатында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен медиацияны түсіндіру жұмыстарына бағытталған ұзақ мерзімді «үшжылдық» жобасы жүзеге асырылуда.

Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы Қарлығаш Саркенова 2022 жылдың қорытындысы бойынша соттарға 780 мың азаматтық іс пен материал келіп түскенін жеткізді. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 10,1%-ға артық.

Өз кезегінде «Отбасылық табыс орталығы» қоғамдық қорының жоба жетекшісі Роза Бекішева 300-ге жуық азаматты қабылдағанын, оның 47-сі медиация көмегімен өз мәселесін шешкенін айтты. Яғни медиация – кез келген дауды медиатордың қатысуы арқылы реттеу деген сөз.

Елорданың татуластыру орталығының басшысы Лейла Зинашева қаладағы статистиканы келтірді.

– Біз соттан тыс және сотқа дейінгі даулардың түрлерін ақысыз қызмет көрсету арқылы шешеміз. 4 қаңтардан бастап отбасындағы жанжалдар бойынша 803 іс, алимент мәселелері бойынша 353 өтініш, бірлесіп алынған мүлікті бөлу бойынша 397 өтініш қаралды, – деді ол.

Жиын барысында тұрмыстық зорлық-зомбылық, жалғызбасты аналар, бұзылған некелер мен суицид санының көбеюі секілді өзге де тақырыптар талқыланды.

Жуырда елордадағы аудан әкімдері ағымдағы жылдың соңына дейін аула аумақтарын абаттандыру, көшелер мен ғимараттарды жарықтандыру бойынша бюджеттік өтінімдерді таныстырды. Бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысына Ақмола облысы мәслихатының депутаттары қатысты. Ақмола облысынан келген депутаттар екі күн бойы тәжірибе алмасып, бірқатар әлеуметтік нысанмен танысты. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

АУЛА АУМАҚТАРЫ АБАТТАНАДЫ

«Бес аудан басшыларының баяндамаларын тыңдап, олардың әрқайсына жасыл желектерді жеткіліксіз суаруы мен гүлдердің жеткіліксіз отырғызылуына назар аударуды тапсырдым. Бұл мәселені әкімдіктердің бюджет қаражатын игеру кестесі секілді мәслихаттың таяудағы отырысында қарастырамыз. Елорданың көрнекті және тұрғын үйлерін бөлектеудің бірыңғай ережелерін талқылаймыз. Бағдарлама әкімшілерінің бюджет қаражатын игеруі басымдыққа айналады» деді мәслихат төрағасы.

Сондай-ақ, отырыста қалалық Төтенше жағдайлар департаменті, Ішкі саясат басқармасының жастар саясаты, дін істері мәселелері жөніндегі есебі тыңдалды.

«Абай облысында болып жатқан өртті сөндіруге белсенді қатысып жатқан елордалық құтқарушыларды қолдау іс-шараларының үш жылдық жоспарына сәйкес, өрт сөндірушілерге көмекті күшейту қажет деген шешімге келдік. 90 құтқарушы мен 20 арнайы техника қайғылы оқиға орнына бірінші болып шықты» деп жазды Е.Каналимов.

ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ТАРАТҚАНДАР ЖАЗАЛАНАДЫ

Интернет және онлайн платформалар арқылы жалған ақпарат немесе жарнама таратқандар 20 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл төлейді немесе 10 тәулікке қамауға алынады.

Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеха кеше Мәжілісте қабылданған «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» заң жобасын осылай түсіндіріп берді.

«Әкімшілік кодекске жаңа бап енгізілді. Ол онлайн-платформалар құралдары арқылы жалған ақпараттарды тарату бойынша жауапкершілікті көздейді. Бүгінгі таңда өте көп жалған ақпарат таралып жатқанын білеміз» деді И.Лепеха.

Сондай-ақ ол WhatsApp желісі де онлайн-платформаға жататынын айтты.

«Қазір ол үшін жауапкершілік жоқ. Індет кезінде азаматтар көптеген жалған ақпарат таратты. Олардың ешқайсысы жауапкершілікке тартылған жоқ. Сонымен қатар қазір кибербуллингке қатысты желіде тарап жатқан бейнежазбалар өте көп, кейбірінде балаларды әлдебір іске қатысты дәлелсіз айыптап жатады. Кейін ол желіге кеңінен таралады, бұл ауыр зардапқа әкеп соғуы ықтимал. Ойланбай жасалған іс-әрекеттің залал әкелетінін түсінеміз. Бұған дейін бұл заңнан тыс қалып келді» деді құзырлы министрлік өкілі.

Оның айтуынша, енді жалған ақпарат таратқаны үшін 20 АЕК-ке дейін (шамамен 60 мың) айыппұл салынады. Егер бір жыл ішінде азамат жалған ақпарат тарату фактісіне қайта жол берсе, онда ол 10 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алынуы немесе 40 АЕК көлемінде айыппұл төлеуі тиіс. Материалдарды ішкі істер органдары орындайды, бірақ шешімді сот шығарады.

«Бұл жерде әңгіме алдымен блогерлер мен заңды тұлғалар туралы болып отыр. Барлығын жаппай жауапкершілікке тарту деген болмайды» деді Игорь Лепеха.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Украинадағы соғыстың ұзаққа созылуына қарай бірқатар елдер ядролық әлеуетін өсіруге кірісті.

Жуырда Стокгольм халықаралық бейбітшілік мәселелерін зерттеу институты зерттеу жүргізіп, ядролық державалар өзінің қару-жарақ қуатын жетілдіруге күш салып жатқанын анықтады. Қытай өзінің ядролық оқтұмсықтарының санын көбейтті. Үндістан мен Пәкістан да қару-жарақтың жаңа түрлерін дайындауда. Солтүстік Корея алысқа ұшатын ядролық зымыран жасап жатыр.

Еуропалық Одақ 2024 жылы туристік виза енгізеді.

2024 жылдың басынан бастап Еуропалық Одаққа кірмейтін елдердің азаматтары, американдықтарды, британдықтарды, австралиялықтарды және басқа да елдердің саяхатшыларын қоса алғанда, ЕО-ның аумағына кіру үшін 7 еуро төлейді. Жасы 18-ге толмаған және 70-тен асқан туристерге мұндай алым жүргізілмейді.

Перуде денге безгегі жаппай таралып жатыр.

Қазірдің өзінде 200-ден астам адам көз жұмып, ауру жұқтырғандар саны 130 мыңнан асты. «Рейтер» агенттігі мұндай көрсеткіш ел тарихында бұрын-соңды болмағанын айтады. Аурудың таралуына бірнеше күн бойғы ыстық себеп дейді мамандар. Өйткені аптапта вирус тарататын масалар шамадан тыс көбейген. Індет ошағы – бір ғана Пьюра қаласында 60-тан астам адам көз жұмып, 40 мыңға жуығы ауруға шалдыққан.

№70 (4503) 15/06/2023 Бейсенбі

БІЗ ШЕТТЕ ҚАЛА АЛМАЙМЫЗ

Amanat партиясының Астана қалалық филиалы депутаттық корпуспен, кәсіпкерлермен және бастауыш партия ұйымдарымен бірлесіп, Абай облысына 15 тоннадан астам гуманитарлық көмек жіберді. Ең қажетті заттардың қатарына тамақ өнімдері (ұзақ сақтау мерзімі бар), дәрі-дәрмектер, су жатады.

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов Amanat партиясының елордалық филиалында гуманитарлық көмек тиеп жатқанын айтты.

«Депутаттық корпуспен, кәсіпкерлермен және бастауыш партия ұйымдарымен бірлесіп жүкті Абай облысына жібердік. Өрттен зардап шеккен біздің отандастарымыз көмекке мұқтаж. Біреудің бақытсыздығына, қайғысына бей-жай қарап отыруға болмайды. Дәл осындай жағдайда біз қалыпты жағдайға оралу үшін, зардап шеккендерге мүмкіндігінше тезірек көмек қолын созу үшін бірлігімізді көрсетуіміз керек. Қалалық мәслихат депутаттары, жергілікті кәсіпкерлер, сондай-ақ еріктілер жасақтары қолынан келген қолдауын көрсетті. Барлық қайырымды жандарға алғыс айтқым келеді» деді Е.Каналимов.

Мәслихат төрағасы Абай облысында еріктілердің штабы жұмыс істейтінін атап өтті. Олармен тығыз байланыс орнатылған. Тұрғындар қажетті заттардың ішінен ең бірінші жөнелтілген азық-түлікке баса назар аударуда. Сонымен қатар, Абай облысындағы қалпына келтіру жұмыстарына қатысу үшін аманаттықтар, еріктілер және «Жастар рухы» жастар қанатының мүшелерінен еріктілер тобы құрылды.

«Абай облысындағы апат – бәріміз үшін үлкен қайғылы жағдай. Аманаттықтар жағдайға алаңдаулы. Мұндай сәтте біздің бірлігіміз өте маңызды. Аманаттықтар Арыс, Мақтаарал және Әулиекөлдегі оқиғалар кезінде зардап шеккен қазақстандықтарға көмектесті. Бұл жолы да біз шетте қала алмаймыз. Біздің партияластарымыз, өнеркәсіп кәсіпорындары, сондай-ақ, бастауыш партия ұйымдары үлкен үлес қосты. Нәтижесінде біз 15 тонна қажетті тауарларды жинай алдық. Мұқтаж жандарға көмек жеткізілді» деді партияның өңірлік филиалы төрағасының орынбасары Сақтаған Сәдуақасов.

ӘЛЕУМЕТТІК СҰРАНЫС: «7-20-25»

Еліміздегі ең танымал ипотека – «7-20-25» бағдарламасын 2023 жылдан бастап қаржыландыру тәртібі өзгерді. Енді 1 трлн теңге сомасында жалпы бюджеттің орнына жылына 100 млрд теңгеден аспайтын қаржы белгіленді. Аталған өзгеріске қатысты «Байтақ» жасылдар партиясының ұйымдастыруымен елордада «Әлеуметтік сұраныс: 7-20-25» атты дөңгелек үстел өтті.

Индира БЕРЖАНОВА

Саяси ұйым мүшелері бірқатар мемлекеттік органдардың және құрылыс компаниялары өкілдерінің қатысуымен жиын өткізіп, осы мәселені талқылады. Еске салсақ, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, Ұлттық банк «7-20-25» бағдарламасының 2029 жылға дейін жалғасатынын мәлімдеген еді. Бағдарламаның негізгі талаптары сақталғанмен, бірқатар өзгеріс енгізілді. Айтқандай, қаржыландыруға лимит енгізілді. Енді бағдарламаға жылына 100 млрд теңге бөлінеді. Тиісінше, әділдік қағидатын сақтау үшін «7-20-25» ипотекасын тек бір рет алуға болады. Яғни бұған дейін «7-20-25»-пен баспана алған адам енді бұл бағдарламаға қатыса алмайды. Бұл тиімді ипотеканың шынымен мұқтаж азаматтарға берілуі үшін керек.

Экологиялық альянстың төрағасы Азаматхан Әміртайдың пайымдауынша, «7-20-25» бағдарламасына жақсы балама болғанда ғана оны тоқтатуға болады.

«Қазіргі жағдайда ипотеканың бұл түрін қаржыландырудағы өзгерістер қоғамдық дау тудыруы мүмкін. Инфляция және экономикалық жағдайды есептегеннің өзінде баспанамен қамтуға арналған бағдарламаларға қаражатты шегермеу керек. Үкімет қаржыны үнемдегісі келсе, министрліктердегі тиімділігі аз бағдарламаларды шектегені жөн. Егер де қаржы азайса, бұл бірден автоматты түрде әлеуметтік наразылыққа әкеледі. Құрылыстың да, оған қажетті құрал-жабдықтар жасайтын компаниялардың да жұмысы баяулайды. Оның үстіне, халықтың да пәтерге деген сұранысы одан бетер арта түседі, бірақ көпшілікке қолжетімді бола қоймайды. Ал егер мұндай бағдарламаны тоқтатқымыз келсе, бұдан мықты бағдарлама жасауымыз керек. Осыған қатысты Ұлттық банк төрағасымен және банк орынбасарымен байланысқа шықтық. Алайда олар қашқақтап отыр. Бізге бір жағынан «7-20-25» бағдарламасын қолдаймыз, бірақ қаражат бере алмаймыз дейді. Бұл жерде кімнің мүддесі қарастырылады? «7-20-25» бағдарламасының халық арасында өз орны бар. Әрине, бағдарламаны жетілдіру қажет. Бірақ мұндай жолмен емес. Сондықтан біздің партия аталған мәселені толық түрде зерделеп, Мемлекет басшысына ашық хат жолдап, жеткізеді» деді ол өз сөзінде.

Дөңгелек үстелге қатысушылардың бірі – Қазақстан құрылысшылар одағы төрағасының орынбасары Валерий Лакисов биыл жобаға бөлінген қаржыдан Астана қаласында көптеген құрылыс ошақтары тоқтап тұрғанын жеткізді.

– Жобаның қаражаты қысқарған кезде көпшілікке қолжетімсіз болып қалды. Қазіргі таңда халықтың тек 5-8 пайызы ғана үй ала алады. Себебі ай сайынғы төлемнің өзі мен алғашқы жарнасы айтарлықтай қымбаттады. Мұндай ақшаны төлеу үшін әр отбасы бірнеше жерде жұмыс істеуі керек, – деді ол.

Жиында Ұлттық банктің ресми мәлімдемесі де оқылды. Оған сәйкес, бір жылға бюджетті белгілеу арқылы бағдарламаларды қаржыландыру тәртібін 100 млрд теңгеден аспайтын шектерде өзгерту туралы шешім инфляция мен тұрғын үй құнының одан әрі өсуін шектеуге және Ұлттық банктің шығынын қысқартуға бағытталды. Мемлекеттік жеңілдікті бағдарламалар тұрақты баламалы нарықтық өнім болмауы тиіс. Сондықтан олардың жарамдылық мерзімі мен бюджетін шектеу керек делінген.

Ал Астана қаласы Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы тұрғын үй беру бойынша азаматтарды есепке алу бөлімі басшысы Зарема Сикимова аталған бағдарлама бойынша халықтың әлеуметтік осал топтары үшін қала әкімдігінің бастамасымен тұрғын үй сертификатын табыстау көзделген. Мұғалім, өрт сөндіруші, полицей, дәрігерлер осы бағдарлама бойынша бастапқы жарнаға өтеусіз ресімделсе, екінші деңгейдегі банктерге 500 млн теңге аударылады.

«7-20-25» бағдарламасы 2018 жылы іске қосылған болатын. 2022 жылғы 22 желтоқсандағы жағдай бойынша «7-20-25» бағдарламасы аясында 852,2 млрд теңгеге 64146 жеңілдетілген қарыз берілді. Ал 2023 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша «7-20-25» бағдарламасын іске асыру аясында 916,9 млрд теңгеге 68202 қарыз берілген.

Германияда ірі орман өртін сөндіруге роботтар, дрондар қолданылады.

Әсіресе адам жетуі қиын жерлерде олардың көп пайдасы тиеді. Өрт жиі тіркелетін аймақтарда сенсорлар орнатылған. Қауіпті жағдай туындай қалса, олардан орталыққа бірден хабарлама келеді. Заманауи техникаға қарамастан, Германияда жыл сайын мыңдаған гектар орман алқабы өртеніп жатады. Өрттің алдын алу шарасының тағы бірі – қатаң жаза. Германияда орманда не табиғи саябақта от жаққандарға 5 мың еуро айыппұл салынады.

Майами қаласының соты АҚШ-тың экс президенті Дональд Трампқа қатысты істі қарады.

Саясаткерге мемлекеттік құпия құжаттарды үйінде заңсыз сақтады деген айыптар тағылған. Бірақ Трамп оларды мойындаудан бас тартып отыр. Ол істің саяси астары бар дейді. Енді шешімді алқабилер шығаруға тиіс. Егер оның кінәсі дәлелденсе, саясаткерге ірі көлемде айыппұл салынуы мүмкін немесе ол бас бостандығынан айырылуы ықтимал.

«Жаңа Қазақстан» сөз тіркесі трендке айналып, халық арасында жаппай қолданысқа еніп кетті. Алайда Жаңа Қазақстанды жылтырақ сөзбен жаңғыртып, құра алмаймыз. Бұл анық. Оған нақты іс керек, шұғыл халықшыл шешімді талап етеді. Ең бірінші, инфляция, баға деңгейі, экономикалық өсу қарқыны, ұлттық табыс, жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) және жұмыссыздықтың өзгеруін қамтитын макроэкономиканы жандандыру маңызды. Озық елдердің тәжірибесіне қарасақ, шағын және орта бизнестің дамуында банк саласы серпін беретінін көруге болады. Яғни екінші деңгейлі банктер елдің дамуында шешуші рөл атқарады.

ХАЛЫҚ ҚАРЫЗЫН НЕГЕ ЕСЕЛЕП ҚАЙТАРАДЫ?

Take-profit.org биржалық порталында әлем елдеріндегі банктердің пайыз мөлшері туралы ақпаратты табуға болады. Дерек көздерінде Қазақстан Ұлттық банкінде жылдық пайыз мөлшері 16,75% (2023 жылдың сәуір айы) екені көрсетілген. Бұл 159 елдің ішінде 143-орыннан көрінуге септігі тиді. Әлемнің озық елдерін саралайтын болсақ, Кореяда – 3,5%, Қытайда – 3,65%, Германияда – 3,75%, Англияда – 4,25%, Канадада – 4,5%, АҚШ-та 5,25% пайыз деңгейінде белгіленген. Шетелдердегі қаржы институттары шағын және орта бизнестің дамуына мүдделік танытып, бизнес-жобаларды көптеп қаржыландырып жатады.

Енді өзімізбен деңгейлес посткеңестік елдерге келетін болсақ, Өзбекстан Ұлттық банкінің пайыз мөлшері 14%-ды құраса, Қырғызстанда – 13%, Тәжікстанда – 10%, Әзербайжанда 9% деңгейінде. Тынық мұхитының оңтүстік-батыс бөлігіндегі шағын аралдарда орналасқан Фиджидегі банктердің пайыз мөлшері 0,25%-ды құраса, Камбоджада 0,88% екен. Сонда жерінің асты байлыққа тұнған Қазақстан халқы кредитті 16,75% мөлшерінде неге алады? Бұған не себеп?

Сарапшылардың айтуынша, пайыз мөлшерлемесінің жоғары болуы нарықтағы тауарлар мен қызмет бағасының негізсіз өсуіне әкеп соғады. Олай болса елдегі қымбатшылыққа банктер де жауапты деген сөз.

2023 жылдың 19 сәуірінде Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген кеңесінде соңғы 15 жылда азық-түлік бағасының бұрын-соңды болмаған өсуін көріп отырмыз деп сынаған еді. Әрине, бұған Үкіметпен бірге екінші деңгейлі банктер де жауапты екені анық. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мәліметтеріне сүйенсек, ВТБ банк пен «Bereke bank» АҚ-та жылдық пайыз ставкасы 21,5%-ды құрайды. «Банк Центр Кредит» АҚ – 23,6%, «Еуразиялық банк» АҚ – 23,7%, «Kaspi bank» АҚ – 24,4%, «Home credit bank» АҚ 28,5% көлемінде кредит береді. Бұған банктердің сақтандыру және тағы басқа міндеттерін қосыңыз. Сонда тұтынушылар кредитті 4-5 жылға рәсімдеген жағдайда, банкке қарызды екі-үш есе қосып қайтарады. Бұл дегеніңіз халықты қанаумен тең ғой!

Шын мәнінде, Ұлттық банк жылына 56%-дан аспауы керек деген шектеу халықшыл шешім емес. Бұл – халықты тығырыққа тірейтін шешім. Соның салдарынан ипотека және автокредитті 25%-ға дейін, ал қарапайым адамдар алып жатқан кепілсіз кредитті 56%-ға дейін көтеріп, халықты қарызға белшесінен батырып отыр.

Ел арасында «мемлекет кредитті кешіреді екен» деген әңгіме желдей есіп жүр. Неге? Өйткені кредитін төлей алмай отырған адам көп. Тағы да Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ақпаратына сүйенетін болсақ, 2020 жылы 392 мың адам 90 күннен аса уақытта кредитін төлемесе, 2021 жылы бұл көрсеткіш 421 мың адамға жетті. 2022 жылы 534 мың адам уақытылы кредитін өтей алмағаны белгілі. Ал «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-тың 2023 жылдың сәуір айында жүргізген статистикасына сай, 7,5 миллион қазақстандықтың қарызы өтелмеген, бұл елдегі экономикалық белсенді халықтың 77%-ын құрайды. Елдің 1,5 миллион тұрғыны несие бойынша төлемді 90 және одан көп күнге кешіктіріп төлеген. Ал осы жылдың 1 сәуіріндегі мәлімет қазақстандықтардың несиесі 30%-ға – 7,7 трлн теңгеге өскен. Яғни 822 мың адам – қарызданушы. Бұл – ойлантатын мәселе.

Қазір қарапайым халыққа ауыр тиіп жатқан екі фактор бар. Оның біріншісі – қымбатшылық, екіншісі – жоғары пайыз мөлшеріндегі кредит.

Тек туризм саласына иек артатын Фиджидегідей төмен пайыз мөлшерінде кредит берілсе, халықтың әлеуметтік деңгейі көтерілетін еді. Қазақстанда 7,1 миллион адам кредитпен күн кешуде. Яғни халықтың 36%-ы екінші деңгейлі банктердің акционерлерін байытып отырғаны белгілі.

Біз әлем елдерінің қаржылық, экономикалық мүмкіндігін зерделеп, Қазақстан Ұлттық банкінде жылдық пайыз мөлшерін (базалық ставканы) төмендетуді ұсынамыз. Айналып келгенде, бұл халықтың тұрмыс жағдайын оңалтудың нақты қадамы болар еді.

Осы айтылған мәселеге орай Үкімет тарапынан тиісті бағдарламаларды дайындап, жаңа жобаларды жасап, шағын және орта кәсіпкерлікке мүмкіндіктерді беруіміз қажет және жылдық пайыз мөлшерлемесін (базалық ставканы) төмендетудің шешу жолдарын қарастыруды ұсынамын.

Абзал ҚҰСПАН,
Мәжіліс депутаты

ЖОЛДЫҢ БӨЛІГІ УАҚЫТША ЖАБЫЛАДЫ

13-15 маусымда Бейбітшілік көшесінің Абай даңғылынан бастап Кенесары көшесіне дейінгі бөлігінде жол жабылады. Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы осындай ақпарат таратып, тұрғындар мен қонақтарға жолдағы кептелісті болдырмас үшін жүретін бағытын алдын ала жоспарлауын ескертті.

ӘЛЕМДІК ДІНДЕР ДІҢГЕГІ

Айгул УАЙС

Халықаралық қоғамдастық пен әлемнің көптеген елі үшін үлгі бола алатын ұлысаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей үлгісіне Қазақ елінің жаңа астанасының төрінде куә болдық. Бүкіл тарихында аса ұлы өркениеттердің ізі қалған және мәдени мұраларының тоғысу орталығы ретінде де әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының үлкен жиыны елордамызда өтуі заңдылық еді. Дінаралық және конфессияаралық үн қатысудың бірегей алаңы – әлемдік деңгейдегі форум бүгінге дейін жалғасын тауып келеді.

Тарихқа жүгінсек, 2003 жылғы 13 ақпанда діндер, мәдениеттер мен өркениеттерді жақындастыруда маңызды рөл атқарған Халықаралық бейбітшілік пен келісім конференциясында Қазақстанда Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін өткізу бастамасы көтерілді. Арада 10 айға жетер-жетпес уақытта Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының алғашқы съезі Н.Назарбаевтың бастамасымен 2003 жылғы 23-24 қыркүйек күндері Астанада өтті. Үш жылда бір рет өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі бүкіл әлем қоғамдастығының назарын аударып отырған бірегей оқиғаға айналды.

Астанадағы алғашқы діни форумның жұмысына ислам, христиан, иудаизм, синтоизм, индуизм, буддизм діндерінің ең беделді өкілдері қатысты. Адамзат тарихында алғаш рет ірі діни қауымдастықтардың өкілдері бір жерде бас қосты. Съезде христиандықтың барлық тармағының – православиенің, католицизмнің, протестанттықтың өкілдері болды. Жиын өркениетаралық және мәдениетаралық диалогтың жаһандық үдерісіне зор үлес қосты және әлемге әртүрлі діндер мен ұлттардың адамдарының болашағы, бейбіт және лайықты өмір игілігі үшін ынтымақтастық идеясына балама жоқ екенін көрсетті.

Бірінші съездің қорытындысы әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары қабылдаған декларация болды, онда конфессияаралық диалог халықтар мен ұлттар арасындағы бейбітшілік пен келісімді ұстап тұрудың, өркениеттер арасындағы диалогты ілгері жылжыту жөніндегі халықаралық қоғамдастықтың күш-жігерін ұстап тұрудың маңызды құралының бірі ретінде қаралды. Съезд қатысушылары жаңа мыңжылдықта бейбітшілікті қамтамасыз ету мақсатында рухани құндылықтар мен мәдениет диалогын ілгері жылжыту ісінде ынтымақтастықты жақтайтынын қуаттады. Олар діни әртүрлілікті өшпенділік пен алауыздықтың құралы ретінде пайдалануға жол бермеу, діндер мен мәдениеттердің жаһандық жанжалын болдырмау үшін барлық күш-жігерін жұмсауға әзір екенін білдірді.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының II съезі Астанада арнайы салынған ғимаратта – Бейбітшілік және келісім сарайында өтті. II съезде Н.Назарбаев алдағы жылдардың бірін «Діндер мен мәдениеттер арасындағы диалог жылы» деп жариялау туралы бастама көтерді. Бұл бастама БҰҰ Бас Ассамблеясының 62-сессиясында қабылданған 2010 жылды «Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық жылы» деп жариялау туралы қарары негізінде жүзеге асты.

Съезд шешімдері Қазақстанда, сондай-ақ шетелдерде зор қолдау тапты, ірі халықаралық шараға айналды. БҰҰ Бас Ассамблеясының 63-сессиясында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының 2009 жылы өтетін III съезін БҰҰ тарапының қатысуымен

және техникалық көмегімен өткізу жөнінде қарар қабылданды.

III съездің басты тақырыбы діни көшбасшылардың рөлі болды, онда толеранттыққа, өзара құрмет пен ынтымақтастыққа негізделген әлемді құруда оларға ерекше үміт жүктелді.

IV съездің маңызды бастамасының бірі G-Global бірыңғай электронды порталы аясында жаһандық төзімділік пен сенімді қалыптастыру мен нығайтуға арналған интернет-ресурс құру болды. Кезекті төртінші басқосуға Бүкіләлемдік ислам лигасының президенті Шейх Абдалла бен Абдель Мухсин ат-Турки, Сауд Арабиясы Королінің өкілі, осы елдің Консультативтік кеңесінің төрағасы Абдалла әл аш-Шейх, әл-Әзһар мешітінің бас имамы Шейх Мухаммад Ахмад Ат-Тайеб, Мәскеу және бүкіл Ресей патриархы Кирилл, Бүкіләлемдік лютеран федерациясының бас хатшысы Мартин Юнге және басқа да танымал дін басшылары қатысты.

2015 жылғы маусымда өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің V съезі тақырыбына сай қабылдаған декларация қағидатының бірі әскери қақтығыстар тараптарын қақтығыстарды тоқтатуға, келіссөздер арқылы зорлық-зомбылықты тоқтату және бейбіт тұрғындарды қорғау туралы келісімдерді әзірлеуге шақыруға негізделді.

2018 жылдың қазан айында VI съезге қатысушылар «Діни көшбасшылар қауіпсіз әлем үшін» басты тақырыбына бірауыздан келісетінін білдіріп, мәдениеттер мен өркениеттердің жақындасу мәселелерін талқылап, жаһандық қауіпсіздік пен экстремизм, терроризмге қарсы іс-қимыл шаралары туралы пікір білдірді.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VI съезі жұмысының қорытындылары өзара іс-қимылдың жаңа деңгейіне шығу қажет екенін көрсетті. Қатысушылардың декларациясында барлық рухани көшбасшылар әлем қауымдастығына, халықтарына, мемлекеттеріне бейбітшілік пен қауіпсіздікке шақыратын үндеу қажет екені атап өтілді.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезі 2022 жылғы қыркүйектің ортасында елордада өтті. Аталған форумда пандемиядан кейінгі кезеңде адамзаттың әлеуметтік-рухани дамуындағы әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің рөлі кеңінен талқыланды.

«Қырғи-қабақ және өзара сенімсіздік жағдайы халықаралық қатынасқа қайта оралып жатыр. Заманауи сын-қатерлерге нені қарсы қоюға болады? Тарих бұған бір ғана жауап береді. Ол – ізгі ниет, диалог және ортақ күш-жігер. Табысқа жетудің басқа кепілі жоқ. Қазақстан кез келген даулы мәселені БҰҰ жарғысына сәйкес тек қана келіссөз үстелі арқылы шешуді үнемі айтып келеді. Туындаған қайшылықтарды күшпен, қорқытумен немесе санкциялармен реттеу мүмкін емес екеніне сенімдіміз. Мұндай сәттерде гуманистік идеалдарға жүгіну аса маңызды. Олардың басты қайнар көзі дәстүрлі діндер екені даусыз» деді ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

«ҚАЗАҚ ЕЛІ» МОНУМЕНТІ

Астана қаласының басты көрікті орнының бірі – Тәуелсіздік алаңының қақ ортасында бой түзеген «Қазақ елі» монументі егемендігіміздің алтын арқауы іспеттес. Бұл – әр қырына Қазақстан Республикасының қалыптасу тарихындағы елеулі оқиғалар бедерленген, ақ мәрмәрдан соғылған төртбұрышты іргетасқа орнатылған ақ мұнара. Еліміз тәуелсіздік алған кез 1991 жыл болса, құрылыс биіктігі де 91 метрге тең.

Монумент авторлары – Сәрсенбек Жүнісов пен Жаңбыршы Нүркенов. 28 колоннадан тұратын монументтің жалпы ұзындығы – 120 метр.

Жалпы аумағы 5,2 гектар жерді алып жатқан бұл ескерткіштің ел тарихынан алар орны ерекше. Ол – халқымыздың көне тарихы мен мәдениетін, қол жеткен жетістіктерін әспеттейтін ауқымды кешен. Ұшар басына елдің тыныштығын «күзетіп» самұрық құсы қонып тұр. Бұл тәуелсіз Қазақстанның дамуға, гүлденуге ұмтылған ынта-жігерін бейнелейді. Сондықтан алып сәулетті мүсін кешенінің «Қазақ елі» атануы да тегін емес. Ол – тәуелсіздіктің нышаны.

«Қазақ елі» – тәуелсіздік монументі ғана емес, халықтың мәңгілік рухын, мемлекеттік тұтастығын, іргесінің берік-тігін аңғартатын белгі. Оның тұғырының төрт жағына қазақ халқының болмыс-бітімін, өткен тарихын бейнелейтін барельеф бедерлер салынды. Төрт қабырғаның өз айтары бар. Қазақ елінің басынан өткен тағдыр соқпағы да сонда жатыр. Оның бірінші барельефі «Елбасы және халық» деп аталады. Онда Ата Заңға қолын қойып, ант беріп тұрған мемлекетіміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бейнесі бейнеленген. Бұл – елімізде заңның заңғар, ал азаматтардың құқығы мен бостандығы қашанда асыл қазына екенінің белгісі. Ал соған жалғаса орналасқан халық – кең-байтақ өлкеміздің тату-тәтті тіршілік құшағындағы тұрғындары. Ал көкте қалықтаған қарлығаштар – елдегі еркіндік пен бейбітшіліктің көрінісі.

Монументтің оңтүстік беткейіндегі барельеф «Қаһарманды қ» деп аталады. Бұл – қазақ халқының ежелден қанында бар өр рухтың жарқын көрінісі. Яғни байырғы көшпелі халықтың бойына біткен болмысы мұнда бейнеленген батырлар мен ақын-жыраулардың мүсіні арқылы тамаша үйлесім тапқан. Батыс бөлігі «Жасампаздық» тақырыбында сыр шертіп тұр. Көшпелі заманнан ғарышты игеру дәуіріне дейінгі қазақ халқының еңбек жолындағы даму жолының белгісі осында өрнектеледі. Бұл жерден елдің әлеуметтік-экономикалық өсіп-өркендеуіне үлесін қосқан металлургті де, мұнайшыны да, инженер мен диқан, құрылысшы мен ғарышкерді де кезіктіресіз. Демек, еңбексүйгіш елдің ерен қажыр-қайраты сонысымен құнды. Ескерткіштің соңғы шығыс беткейі «Болашақ» деп аталады. Ел ертеңі болар айбынды жас буынның бейнесін әспеттеген бұл барельеф Қазақстан жастарына арналған. Ғылым мен білім, спорт, мәдениет пен өнерде өрге ұмтылған ел ертеңінің өкілдерін осы арадан табасыз. Ал олардың қақ ортасында жұп құраған жас отбасы бөліп тұр. Бұл – қоғамымыздың мемлекеттің ішіндегі шағын мемлекет – отбасына қомақты көңіл бөліп, адам өміріне айрықша мән беруінің кепілі.

ЕЛДЕСТІРМЕК – ЕЛШІДЕН

АСТАНАНЫ КӨШІРУ – БАТЫЛ ҚАДАМ

Дәл экватор бойындағы бірнеше мың аралда орналасқан ел. Оңтүстік-Шығыс Азиядағы осы Индонезия мемлекеті мен Қазақстан арасында ынтымақтастықтың орнағанына биыл 2 маусымда 30 жыл толды. Осы мерейтой мен Астананың 25 жылдығы қарсаңында қос мемлекеттің саяси-экономикалық, білім мен мәдениет саласындағы байланысы туралы Индонезияның Қазақстандағы елшісі Мохамад Фаджрул Рахманмен сұхбаттасқан едік.

– Қазақстан мен Индонезия мемлекетінің өзара тиімді әріптестік байланысы қандай салаларда жақсы дамуда?

– 1993 жылы дипломатиялық қатынастар орнағалы екі ел экономика, сауда, білім мен мәдениет және басқа да көптеген салаларда ынтымақтастығын дамытып, зор жетістіктерге жете алды. Екі ел арасындағы сауда қатынасы айтарлықтай дамыды, өзара тауар айналымы артты, энергетика және ауыл шаруашылығында экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге мүмкіндік көбейді. Студенттер және зерттеушілердің өзара тәжірибе алмасуы, сондай-ақ, мәдени, ғылыми іс-шараларға қатысуының арқасында екі елдің халқы бір-біріне жақындай түсті. Мемлекеттер арасындағы сауда айналымы өткен жылы 691 млн долларға жетті, бұл алдыңғы жылға қарағанда 3 есе көп. Ынтымақтастық пен елдер арасындағы байланысты ұлғайту арқылы біз 2023 жылы 1 млрд долларды құрайтын сауда айналымына қол жеткізе аламыз деп үміттенеміз.

– Өзіңіз қызмет етіп жатқан Астана қаласына биыл 25 жыл толады. Елордамыздың дамуы, сәулеті, мәдениеті, өркендеу жолын қалай бағамдар едіңіз?

– Елордадағы ғимараттардың бағдары мен дизайнына келсек, мені қаланың жергілікті мәдениеті мен жаңаша жаңғыруы, тамаша үйлесім табуы таңғалдырады. Оның келбетінен қазақстандықтардың қаншалықты кеңпейілді, қонақжай, мейірімді және мәдениетті екенін оңай аңғаруға болады. 25 жыл бұрын елорданы Алматыдан Астанаға көшіру туралы шешім батыл және өте стратегиялық маңызды қадам болды. Осы шешімді жүзеге асырудағы табандылық пен жігердің арқасында Астана қазір экономикасы, мәдениеті, инфрақұрылымы жағынан қарыштап дамыған қалаға айналды.

Астананың басты сәулетін жасауға Куала-Лумпурдың, Нидерландының сәулет өнерінде қолтаңбасы қалған жапондық сәулетші қатысқан. «Хан Шатырдың» дизайнын жасаған британдық танымал сәулетші екен. Ал ЭКСПО-2017 көрмесі аясында салынған ғимараттар дизайнының авторы – АҚШ сәулетшісі. Сондықтан елорданың сәулетіне қатысты сын таға алмаймыз. Кемшілігіне келсек, бастапқыда қаланы жобалағанда көптеген ғимарат халық санының аз көлеміне есептелді, яғни ол кезде елорда тұрғындарының көп уақыт өтпей 1,5 миллион адамға жететінін нақты ешкім болжай алмады. Сондықтан қазір қалада болып жатқан қиындықтар, қоғамдық көліктердің жетіспеуі және басқа да мәселелер Астанаға жан-жақтан келетін адамдардың тым көптігінен болып отыр. Бұл біздің елге үлкен сабақ болады, себебі Индонезия да астанасын жаңа қалаға ауыстырғалы жатыр.

– Урбанизация үрдісінде сіздің елдегі үлкен шаһарлардан жас елорда нені үйренсе болар еді? Екі ел астаналарының ұқсастығы мен айырмашылығы қандай?

– Бұл мәселеде, керісінше, біз Астанадан қалай жаңа жас астана болып қалыптасқанын үйренуге ниеттіміз. Өйткені Индонезия 2024 жылы астанасын Джакартадан Калимантандағы Нусантараға көшіреді. Осы ретте болашақ жаңа астанамыз – Нусантара қаласы мен Астана қаласы әкімдіктері арасындағы бауырлас қала ынтымақтастығы туралы меморандум жобасын пысықтаудамыз. Нусантара – Шығыс Калимантан өлкесінде салынып жатқан қала. Жоба елді тиімдірек басқаруды қамтамасыз етуге, қазіргі астана – Джакартаға жүктемені азайтуға және Индонезия аймақтарының біркелкі дамуына септік етеді. Астана – барлық азамат үшін дамуға жол ашатын мүмкіндіктер қаласы. Біз де осындай шаһар салғымыз келеді. Елдеріміздің ұқсастығына келсек, Қазақстан Орта Азиядағы ең бай, беделді ел болса, Индонезия – Оңтүстік-Шығыс Азиядағы бай мемлекет. Мұсылмандығымыз жөнінен екі елде де ислам дінін ұстанушылар саны елдің 70-80 пайызын құрайды. Бір айта кетерлігі, кезінде Индонезия да Қазақстан сияқты жерінің асты мұнайға толы ел еді, қазір қара алтынымызды тауыстық. Енді, керісінше, басқа елдерден күніне 1 миллионға жуық баррель мұнай сатып алып отырмыз. Сондықтан шетелге басқа өнімдер, атап айтқанда, минералды газ, алтын, жиһаз, индонезия кеспесін, тоқыма, дөңгелек, пальма майын, кофе, теңіз өнімдерін, балықтың ерекше түрлерін және басқа да өнімдерді экспорттаймыз.

– Астанадан алған алғашқы және кейінгі әсеріңізді бізбен бөліссеңіз.

– Астанаға алғаш рет 2021 жылы желтоқсан айында келдім. Біздің елде, білесіз, мәңгілік жаз, климаты ыстық жер. Сондықтан қатты салқын қалаға келіп қызмет ету қалай болар екен деген ой болатыны сөзсіз. Ұшақпен келе жатып жоғарыдан қарағанда, аппақ қар басқан қаланы көрдім, алайда соған бола көңілімді түсірмедім. Себебі келген бетте мұнда қанша суық болса да, халқының жылы, мейірімді екенін сезіндім. Халқының қонақжайлылығына, тамақтарының сан түрлі екеніне көзім жетті. Мұнда Абай деген данышпан ақынның есімі ерекше аталатынын білдім. Абайдың ағылшын тіліне аударылған қара сөздерін оқып, оның даналығына тәнті болдым. Қазақ халқы қандай десе, бірден Абай еске түседі. Қазақтың рухын, жанын Абай арқылы тануға болады деп санаймын. Сонымен қатар Қазақстан десе бірден Димаш ойға оралады. Оның өнерімен YouTube арқылы бұған дейін де таныс едім. Мәдени дамуы жағынан Астана көп қалалардан әлдеқайда алда. Мұнда әлемдік классика өнерінің жауһарларын да, заманауи өнер үлгілерін де көріп, тамашалауға мүмкіндік өте зор. Опера, балет театрлары әлемдік талаптарға сай келеді. Мәдени және рухани бай қала. Ал тұрғындарының мәдениетіне келсек, адамдарының рухани деңгейі өте жоғары. Әсіресе жазда жастар саябақтарда өнерін паш етіп, халық әндерін айтады немесе жаңа буын өкілдері музыкамен көше мәдениетін көрсетеді.

> Индонезия 2024 жылы астанасын Джакартадан Калимантандағы Нусантараға көшіреді. Осы ретте болашақ жаңа астанамыз – Нусантара қаласы мен Астана қаласы әкімдіктері арасындағы бауырлас қала ынтымақтастығы туралы меморандум жобасын пысықтаудамыз

– Астананың қай жерінде серуендегенді ұнатасыз? Елорданың қай жыл мезгілі ұнайды?

– Жаз мезгілі – мен үшін далада демалудың ең жақсы уақыты. Өз басым қаланы, әсіресе «Бәйтерек» монументі жанынан бастап, «Нұржол» аллеясын бойлай, «Хан Шатырға» дейін жаяу жүргенді ұнатамын. Қазақтың етін, қымызды, сосын осы жақтың кәуаптарын жақсы көремін. Мұнда кәуаптар көлемді етіп дайындалады әрі дәмдірек болады. Соларды дайындайтын тамақтану орындарына немесе осындағы достарымызға қонаққа барамын. Жұма сайын мешіттерге барып тұрамын. Астанада өз елімде жүргендей еркіндікті сезінемін. Сонымен қатар Қазақстанның Қарағанды, Алматы, Шымкент, Көкшетау, Тараз, Түркістан деген өңірлерінде болдым.

– Әлемдік экономиканың болашағы туризммен анықталады. Екі ел арасындағы туризм арқылы қарым-қатынас мәселелері қаншалықты шешілген?

– Биыл 15 мамырда Индонезия мен Қазақстанды байланыстыратын әуе бағдары ашылды, яғни Бали-Сеул-Алматы бағдары бойынша және кері бағытта әуе рейсін Air Astana және Индонезияның Garuda Indonesia авиакомпаниясы ұйымдастырады. Осы рейс арқылы біз Қазақстаннан Индонезияға келетін туристердің санын пандемияға дейінгі 10 мыңнан астам адамға жеткізуді көздеп отырмыз. Елшілік үшін бұл тамаша бастама, бірақ біз мұнымен тоқтап қалмаймыз, екі елді байланыстыратын тікелей рейс ашуға ұмтыламыз. Сонымен қатар биыл қаңтар айынан бастап қазақстандықтар Индонезияға жиі баруы және ынтымақтастықты арттыру үшін онлайн режимінде қолжетімді Visa on Arrival жүйесі іске қосылды. Индонезияға барғысы келетін қазақстандықтар үшін бірден әуежайда ұшақтан түскен бойда берілетін виза түрі қарастырылған. Керісінше, Қазақстанға келгісі келетін индонезиялықтар үшін 30 күнге дейін визасыз режим енгізілген. Бұл туризм саласы мен бизнес секторды дамытуда өте тиімді.

– Екі ел ынтымақтастығының 30 жылдығы қалай аталып өтеді?

– Мерейтой аясында 3 маңызды іс-шара өткізу жоспарланып отыр. Биыл шілде айының ортасында елордада Индонезия мәдениеті фестивалі өтеді. Музыкалық мәдени және шағын көрмені біріктіретін үш күндік фестивальге астаналықтарды шақырамыз. Сонымен қатар тамыз айында Индонезияның тәуелсіздік күніне орай біздің елдің туын көтеру рәсімі өтеді. Ал қыркүйек айында дипломатиялық қабылдау өткізіледі.

– Астананың 25 жылдығына қандай тілек айтар едіңіз?

– Астаналықтар мен жалпы Қазақстан халқын елорданың ширек ғасырлық мерейтойымен құттықтаймын! Баршаңызға бейбіт өмір, ашық аспан, мықты денсаулық, молшылық тілеймін. Сонымен қатар біздің барлық бастамамызға қолдау білдіретін Астана қаласы әкімдігіне де алғысымызды білдіргіміз келеді!

Сұхбаттасқан
Райхан РАХМЕТОВА

Гүлжан ӘСПЕТОВА, актриса, Қазақстанның Халық әртісі, «Құрмет» орденінің иегері:

ЕЛОРДАМЕН МАҚТАНАМЫЗ!

– Өмір бойы «әкемтеатрда» жұмыс істеп, қазақ театрының корифейлерімен бірге бір сахнада әріптес болып, басты және қосалқы рөлдерде ойнадым. Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясында сабақ бердім. «Еңбек сіңірген» деген атаққа ие болдым. Керемет, әдемі үйге де қол жеткіздім. Қалалық мәслихат депутаты ретінде де қызмет еттім. Алматыда жағдайым өте жақсы болды, бәріне шүкір етемін. Сөйтіп жүргенде өмір мені аяғынан енді тұрып жатқан Астанаға алып келді. 1999 жылы елордаға келгенімде, Қ.Қуанышбаев атындағы театрдың жағдайы мүшкіл екен. Ескі, жадау жатақханада студенттермен бірге тұрдық. Мені әкелген режиссерім Әзірбайжан Мәмбетов: «Бұрын сен дайын театрға келіп жұмыс істедің. Енді мынадай әлі қалыптаспаған театрда да бәрін нөлден бастап, оның іргесін қалауға аянбай еңбек ет» деп мені қалуға көндірді. Сөйтіп бәрін басынан бастауға тура келді. Өзі кішкентай театр, бұрынғыдай сахналық партнерлерім де болған жоқ. Біз келгенде Жақып Омаров қайтыс болған, театр шашырап, актерлер күнкөріс үшін базар жағалап кеткен екен. Қайтадан бәрінің басын қосып, би, вокалды жандандырып, бұрыш-бұрышта спектакльдерге дайындық жүріп, театрға жан бітті. Әзекеңнің спектакльдеріне ассистент болдым, театрдың бағдарламасын құруға, өнер мектебін ашуға көмектестім. Жоқтан бар жасап, алғаш рет театр кафедрасын аштық, ол жерде орыс, қазақ топтарына бірдей сабақ бердім. Сондықтан менің шәкірттерім бүгінде тек қазақ театрларында ғана емес, М.Горький театрында да істейді. Осылайша жұмысты жанымды салып тұрып істедім. Жастарға тәлімгер болдым. Ә.Мәмбетов мектебін Алматыдан Астанаға осылай әкелдік. Сол кезде алатын айлығымыз 13 мың теңге ғана болды. Мен мұндай қиындықты студенттік және жастық шағымда көрген емеспін. Осында келгенде ғана от пен судан өтіп, түрлі қиындықты өткердік. Бірақ оған еш өкінбеймін. Себебі елордамыз енді құрылып жатқан кезде, Астана театрын аяқтан тұрғызу жолында өз үлесімді қостым. Қазір сексенге келген жасымда өткен өмір жолыма көз жүгірте отырып, қажырлы еңбегімді осы саланы дамытуға сіңіргенім үшін іштей өз-өзіме мақтанамын. Өмірімді құр сүрмедім деп санаймын. Кезінде бидайымен ғана отырған кішкентай Ақмола шаһарының мұндай әсем қалаға айналуы, әрине, оңайлықпен болмайтыны белгілі еді. Дегенмен бүгінде біз елордамызбен мақтанамыз. Қала көркейіп келеді, тіпті біз келгендегідей емес, бет қаратпайтын суығы да азайды. Астананың мерейтойы қарсаңында барша қазақстандықты мерекемен құттықтап, әрбір жанға бақыт пен береке тілеймін!

№70 (4503) 15/06/2023 Бейсенбі

Соңғы кездері Абай облысында болған өрт бүкіл елді дүрліктірген қайғылы оқиға болды. Қазірге дейін 60 мың гектардан артық аумақтың орманы отқа оранғанын былай қойғанда, тілсіз жаудан 15 адам қаза тапты. Өрт сөндіруге орман қорғаушылардан сырт, әскери бөлімшелер де тартылғанмен, күннің аптап ыстығы мен жүйткіп соққан жел қабаттасып, қызыл жалын барған сайын өршіп барады.

АПАТ АШҚАН АҚИҚАТ

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

АЗ ОРМАННАН ДА АЙЫРЫЛЫП ҚАЛАМЫЗ БА?

«Семей» орманы резерватында өрт 8 маусым күні шыққан болатын. Өрттің себебі әлі анықталған жоқ. Абай облысы әкімінің орынбасары Дмитрий Гариков берген мәлімет бойынша өрт найзағайдың 2 рет түсуінен шыққан. «Өртті тез арада ауыздықтау мүмкін болмады, оған себеп «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты техникасы биік құм төбелердегі орманды аймаққа жете алмады» деді ол.

Елімізде орман қорының жалпы ауданы – 30,4 млн гектар. Бірақ Қазақстанда орманды алқаптың көлемі ел аумағының небәрі 4,6 пайызын құрайды. Есесіне шөл және шөлейт жерлер Қазақстанның 56 пайызын алып жатыр.

БҰҰ-ның қоршаған ортаны қорғау басқармасы адамзаттың кесірінен жаһандағы орманның жартысына жуығы жойылып кеткен деген деректі алға тартады. БҰҰ азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының 2001 жылғы есебіне сүйенсек, әлемдегі орман алқабы 1990 жылғы 3,96 миллиард гектардан 2000 жылы 3,87 миллиард гектарға дейін азайған. Демек, жыл сайын әлемде неше жүз мың гектар орман жойылып кетіп жатыр.

Қазақстанда да соңғы жылдары табиғи ормандар жыл сайын өртке оранып, көлемі азайып барады. Мәселен, 2011 жылы сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Боралдай орман шаруашылығында 4000 гектарға жуық орман өртеніп кетсе, 2013 жылы Түркістанда 600 гектарға жуық тоғай күлге айналды. Келесі жылы Арыс қаласында 200 гектар орман өртке оранса, 2014 жылы ел бойынша 500 гектарға жуық орман апатқа ұшырап, өрт себебі белгісіз күйде қалды. 2015 жылы шырайлы шығыстың сәні болған Марқакөл маңында өрт шығып, 900 гектар орман жанып кетті. Бұл өткен онжылдықтағы ең ірі өрт апаты болса, 2021 жылғы 10 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы маңындағы орманға өрт кетіп, 272,4 гектар орман қызыл жалынның құлқынына түсті. Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметінше, 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстанда 500-ге жуық орман өрті тіркеліп, салдарынан 38270 гектар жер өртенген (2020 жылы – 22626 гектар) болса, 2022 жылы Қостанай облысындағы өртте 43 мың гектар орман өртке оранды. Енді, міне, Абай облысындағы орманға кеткен өртті ауыздықтай алмай арпалысып жатырмыз. Қазірдің өзінде 60 мың гектардан артық орман күлге айналды. Одан келген экономикалық зиян мен қырылған аң-құс қаншама. Өртенген орманның қалпына келуіне кемінде 60 жыл уақыт қажет дейді мамандар. Бұл аз уақыт емес.

САЛҒЫРТТЫҚ СЕБЕБІ НЕДЕ?

Қазақстанда мейлі қай өңірде, қай аймақта өрт апаты болса да, оның нақты себебі анықталмай, жұмбақ күйде қалып жатады. «Күннің ыстығы», «найзағайдың түсуі», «орман қорғаушылардың немқұрайдылығы» деген сияқты себептер айтыла-айтыла жауыр болуға айналды. Өрт болған кезде қылмыстық іс қозғалады да, өрт сөнген соң, ол да «өшеді». Сосын да шығар, бізде жыл сайын орман өрті үзілмейді. Кінәліні тауып, қатаң жазаламаған соң, орманшылар да өртке немқұрайды қарайтын деңгейге жетті. Өйткені көптеген өңірде, әсіресе табиғи орман алқаптарында өрт қауіпсіздік шаралары сақталмайды. Алда-жалда өрт туа қалса, оны қалай ауыздықтаймыз деген мәселеге мән берілмегендіктен, көп өңірде өрт туа сала дереу ауыздықталмайды. Мәселен, өткен жылы Қостанайдағы орманға өрт кеткенде, орман өртінен сақтану саласында көптеген олқылық сақталғаны байқалған. Осы жағдайға сәйкес, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысты министрліктерге, жауапты тұлғаларға тапсырмалар беріп, міндеттер жүктеген еді. Бірақ сол тапсырмалардың көбі орындалмағанын, керек десеңіз, Төтенше жағдайлар министрінің өзі Президенттің сөзін құлағына да қыстырмай, жүре тыңдаған болып шықты. Сонша үлкен аумақтағы орманға өрт кетіп жатса, министрдің өзі бармай, орынбасарын жіберуі, біріншіден, Қостанайдағы өрттен сабақ алмағанын, екіншіден, өз жұмысына өте салғырт екенін анық көрсетті. Бұған Президенттің «Мен қызметінен босатқан министр өзінің тікелей қызметтік міндетін орындауға неге мүлдем немқұрайды қарады?! Өрт бүкіл әлемде болады, бірақ ол жақта тиісті шаралар қабылданады. Министр келмеді, облыс әкімі тым баяу қозғалды, орынбасарларын жіберді. Жұмысқа деген осындай қарым-қатынас бола ма?! Нақты сұрақ – неге қате болжам жасалды?» деген сөзі айғақ.

– Біздің жағдайымызда кәсіби салғырттық, адамдардың тағдырына мүлде немқұрайды қарау байқалды. Қазір бұған тағы да көз жеткіздім. Ал қазіргі таңда сапалы, дұрыс жұмыс атқарылып жатқан жоқ. Мұны мойындауымыз керек. Бір сөзбен айтқанда, бұл саланың жұмысын түбегейлі жақсарту қажет. Министрлік, оның басшылары өз қызметтік міндеттеріне селқос қарайды. Не істеу керек екенін білмейді. Шұғыл шешімдер қабылдамайды. Сондықтан осындай апаттар орын алып отыр. Біз Қостанайдағы жағдайды бастан өткердік, неге сабақ алмадық?! – деді Мемлекет басшысы.

Осындай қайғылы жағдай туғанда, сол саланың жауапты тұлғасын түрмеге тоғытып, еселеп айыппұл салса, барлық саланы басқарып отырған басшылар айылын жиып, аяғын тартар еді. Яғни бірді ауыр жазалап, мыңға сабақ қылмайынша, еліміздегі немқұрайдылық пен жемқорлық жойылмайды-ау.

ӨТКЕННЕН САБАҚ АЛМАСА...

Қазақстандағы өрт сөндіру техникаларының көбі ескі, өрт сөндіруге қолайлы тікұшақтар саны аз. Таулы өңірлерге дөңгелекті көліктер бара алмайтындықтан, өртті өшіруге адам күшіне таянуға тура келеді. 2021 жылы тамыз айында Төтенше жағдайлар министрлігі 48 млрд теңгеге өрт сөндіру техникасын сатып алуды жоспарлап отырғанын жариялаған болатын. Алайда біз өткен жылы Қостанайдағы өрт кезінде аталған министрліктің баспасөз қызметіне хабарласқанымызда, өрт сөндіру техникасын сатып алу бойынша 2021-2023 жылдарға арналған Жол картасы бекітілгенін, оның аясында республикалық бюджет есебінен 387 автокөлік құралын сатып алу жоспарланғанын айтқан еді. Бірақ 2021 жылы республикалық бюджет есебінен қаражат бөлінбей, өткен жылы ешқандай техника сатып алынбаған. Тек 2022 жылы өрт сөндіру қызметіне 146 өрт сөндіру-құтқару техникасы сатып алынған. Демек, орманды өрттен қорғайтын мекемелер техникаларының 20 пайыздан астамы ескі. Қостанайдағы өрт кезінде өрт сөндіру машиналарының дұрыс жұмыс істемей, су құбырлары жарылып жатқаны жайлы ақпараттың тарауы да тегін емес. Бұл мәселе осы жолы Абай облысындағы өртте де қайталанды. Алапат өрт салдарынан қаза тапқан Алексей Губаевтің жұбайы Татьяна Будюк Мемлекет басшысына сұрақ қойып, «Орман шаруашылығы филиалында жағдай үнемі осылай. Көліктерінің не қосалқы бөлшектері жоқ, не дені дұрыс техника жоқ. Үнемі бұзыла береді. Жолдасым жұмыстан шығу үшін арыз жазды, басшылық қол қоймай қойды. Неге олай істеді? Менің ойымша, бұл жағдайға орман шаруашылығы кінәлі» деп аталған салада сақталып отырған үлкен мәселенің бетін тағы бір рет ашып көрсетті.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТЕН ТАБИҒИ ЖӘНЕ ТЕХНОГЕНДІ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДЫҢ АЛДЫН АЛУҒА ЖҰМСАЛАТЫН ҚАРЖЫ ЖЫЛ САЙЫН КӨБЕЮДЕ. 2021 ЖЫЛЫ – 54,2 МЛРД, 2022 ЖЫЛЫ – 63,8 МЛРД, 2023 ЖЫЛЫ – 120,2 МЛРД ТЕҢГЕ

ӨРТ ШЫҚПАСА, ЖАЛАҚЫ ӨСПЕЙ МЕ?

Техника ескі, бар техниканың өзі жарамсыз болғандықтан, өрт шыға қалса, көбінде адам күшіне ғана таянуға тура келеді. Бірақ сол орман қорғаушыларда да дені дұрыс, өрттен қорғайтын, ыстық өткізбейтін киім жоқ, «бес-алты жылда бір рет киім берсе берді, бермесе ол да жоқ» дейді біз тілдескен орманшылар. Оның үстіне, олардың жалақысы төмен, өрт шыға қалса, жедел жететін көлігі де жоқ.

– Ең бастысы, орман шаруашылығы мекемелерінде қызметкер жетіспейді. Себебі жалақы төмен, 75 мың теңгеге қайтіп күн көреді?! Өткен жылы өсірген болды, бірақ шарықтаған зат бағасымен салыстырғанда, ол да түк болмай қалды. Бұл – бір. Екіншіден, техникаларымыз қаусап тұр. Бұрын 7 жылда бір жаңалайтын, ал қазір 10 жылда жаңалау міндеттелген. Оның өзі атқарылмай қалады. Берген тікұшақтары су шашуға қабілетсіз. Үшіншіден, орман қарауылдары жаяу жүр. Бұрын мотоцикл берілетін, қазір ол да жоқ. Тау ішінде өрт болса, жедел жетудің өзі мұң, – дейді аты-жөнін жазбауымызды өтінген орман шаруашылығы мекемесінің бастығы.

Абай облысындағы өрттен кейін Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменова 1 шілдеден бастап орманшылардың айлығы өседі, ал материалдық-техникалық базаны 2027 жылға қарай 100 пайызға жаңарту жоспарланып отырғанын мәлімдеді. Министрдің айтуынша, елдегі орман шаруашылығына 8,1 млрд теңге бөлінген. Ал өртті ерте анықтау жүйесіне 4,1 млрд теңге қарастырылған. «Ендеше сол қаржы қайда? Экология және табиғи ресурстар министрлігі қайда қарап отыр? Не тындырды? Шынын айтайық, дәл осы салаға жұмыс тәжірибесі жоқ жас бойжеткенді басшы етіп қоюдың өзі қаншалықты дұрыс?» деген сауал туындайды. Демек, Абай облысындағы өртке байланысты Төтенше жағдайлар министрлігі мен Экология және табиғи ресурстар министрлігі жауапкершілікті тең арқалау қажет.

«1 шілдеден бастап орманшылардың айлығы өседі» деген сөз де күлкілі. Сонда біздің елде өрт кетпесе, адам өлмесе өзгеріс болмай ма, жалақы өспей ме? Бір жылдан бері жауапты министрлік тексеру-зерттеу жүргізіп, жалақыны өсіру, техниканы жаңалау туралы шешім қабылдауға да болады ғой. Неге біз оқиға туған соң барып «мына салада мынадай мәселе бар екен» деп жаңа байқағандай жалпылдаймыз? Демек, бұл жолғы өрттен қатаң сабақ алмай, жауапты шенділер жазаланып, түрмеге тоғытылмай, Қазақстанда орман өрті тоқтамайды.

Орманға өрт кетуінің себебі көп, көбінесе біз табиғи жағдайды (найзағай түсу, әйнектен өрт кету) назарға аламыз. Алайда барлық өрттің себебін осы түйіндерден ғана іздеу дұрыс емес. Басқа да себептерін зерттеп, зерделеу керек. Жалақысы аз орманшы ағаш сатпағанда, орман ішінде малын бақпағанда не істейді? Мәселен, жұрт арасындағы әңгімелерге қарағанда, Қазақстанда орманнан ағаш, отын алу үшін жасыл желекке әдейі өрт қоятын қаскөйлер де бар көрінеді. Тіпті олар орманшылармен астасып та алатын сыңайлы. Өйткені біздің елде орман өртегендерге берілетін жаза тым ауыр емес, 8 жылға ғана сотталады. Бұл да ескеретін мәселе.

Тағы бір ескеретін жайт, орманды мемлекет қорғанысының маңызды бөлігі ретінде қарап, оның амандығын қорғаныс саласы да бақылауға алуы, орман арасындағы жолдарды мемлекет қорғанысы есебінен жасауды қолға алуы керек.

P.S: ***Орманды қорғау – әрбір азаматтың борышы. Ол – тіршіліктің қормалы, елдің қорғаны. Сондықтан орман өртінен сақтануға мемлекеттік деңгейде баса назар аудару керек. Бүкіл елді жайлаған жемқорлық бұл салада да жоқ емес. Әсіресе орманшылардың жалақысын көтеру – кезек күттірмейтін міндет. Себебі өзі ашқұрсақ, бала-шағамды қалай бағам деп уайымдап жүрген адам орман күзетіп те жарытпайды.***

ЭЛЕКТРСАМОКАТ ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАЛАЙ РЕТТЕЛМЕК?

Таңатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

Астана қаласының көшелерінде қазір электрсамокаттар мен электрмотороллерлер қаптап жүр. Алайда оларды тізгіндеп жүргендердің бірде-біреуі Қазақстан Республикасы «Жол қозғалысы туралы» заңын білмейді. Білмеген соң орындамайды. Алып мегаполисте көшенің қақ ортасында, жаяу жүргіншілер жолында өз қалауларынша ызғытып келе жатқаны. Дұрыс жүрсе ештеңе емес қой. Көпе-көрінеу жол ережесін бұзады. Жол бойында апатты жағдайлар туығызады. Мәселен, елордада электрсамокат, мотороллердің қатысуымен өткен жылы 72 өрескел жол ережесін бұзу тіркелсе, биыл осындай 42 жағдай орын алып отыр.

БҰЛ ДА БИЗНЕС КӨЗІ

Әсіресе самокаттардың бас қаланың сол жағалауында жалға көбірек алынатыны байқалады. Ал жалға алған адам межелі жеріне тезірек жету үшін автомобиль жолымен де, жаяу жүргіншілер жолымен де кезек-кезек құйғытып, зымырап бара жатады.

Көліктің бұл жаңа түрі кейінгі кезде көптеген қиындық туғызып отыр. Кей кезде бір электрсамокатқа екі адам мініп алып, өзгенің де, өзінің де өміріне қауіп төндіріп жүрген сәттер кездеседі. Әрі мұндай келеңсіздіктер көбейіп бара жатқандықтан, еліміздің Ішкі істер министрлігі жолда жүру ережесіне байланысты қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге шешім қабылдады. Дегенмен құжат жобасы заң шығарушы органға ұсынылған кезде тағы бір мәселенің басы қылтиды. Бақсақ, электрсамокаттар мен мотороллерлер көлік құралы ретінде мемлекеттік тіркеуге алынбапты. Тіркеуге алынуы үшін арнаулы заңмен бекітілуі керек екен. Ал олай болмаған жағдайда, электрсамокат немесе электрскутер мінгендерге тәртіп бұзғанның өзінде айыппұл салу – заңсыз.

Рас, бұл мәселелерді шұғыл түрде заңмен реттеуге алпыс күн (екі ай) уақыт берілді. Осы мерзімде құжат Мәжіліске түсіп, Сенатқа жолдануы керек. Ал оны Сенат мақұлдай ма, әлде жетіспеген жерін жетілдіру үшін кері қайтара ма? Ол жағы тағы күмәнді.

Негізінен, осы заң жобасында электрсамокаттарға велосипед жолымен және жолдың жиегімен жүруге толық рұқсат етілген. Ал жаяу жүргіншілер жолымен сағатына 6 км жылдамдықпен жүруі тиіс. Бұған қоса электрсамокаттарға қаладағы көлік жолының оң жақ шетімен де жүруге болады. Тек ол үшін жүргізушінің жасы 18-ге толған әрі көлік жүргізуге рұқсат етілген кез келген санаттағы куәлігі болуы тиіс. Оған қоса басында шлемі, үстінде жарық шағылыстырғыш киімі болуы талап етіледі. Жаңа ережедегі осы талаптарды алдағы уақытта самокатты жалға алушылар сақтай ма?

Қоғам белсендісі Мәулен Жақсылықтың айтуынша, бұл жерде ойланатын жай жетерлік. Біріншіден, ірі қалаларда электрсамокаттар неге жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай жылдан-жылға көбейіп келеді? Өйткені ол – тап-таза табыс көзі. Әрі құзырлы біреудің заңды тіркеп алған бизнесі де болуы мүмкін. Қомақты пайда әкеле бастаған соң қозғалыстың осы түрін көбейте беру біреулер үшін тиімді болып отырған сыңайлы. Ал мұндай бизнес бізге аспаннан түсе қалған жоқ. Шетелден жетті. Шетел болғанда, ең бірінші, Францияны айтар едік. Электрсамокаттар мен элекрскутерлер осыдан бірнеше жыл бұрын бұл мемлекеттің қалаларының көшелерінде толассыз жүйтки бастаған. Адамдар зардап шегіп, көліктер жиі апатқа ұшырай берген соң өткен жылдан бастап оларды жалға беруге тыйым салына бастады. Әрі мұны қала халқы да қолдап отыр. Өйткені сол элекрсамокаттардың кесірінен қанша адам ауруханаға түсіп, қаншасы мүгедек болып қалған. Алайда жалға алуға тыйым салынғанмен, самокатты сатып алушылар қатары азаймағаны байқалады.

НАҚТЫ ШЕШІМ ҚАЖЕТ

Бізде де «аузы күйген үрлеп ішедінің» керімен, ішкі істер органдары электрсамокатшылар мен мотокурьерлерді арнайы курстан өткізіп, қолына құжат бергісі келеді. Ал самокаттың өзін «электрлі шағын көлік құралы» ретінде тіркеуден өткізу жоспарланып отыр. Ол үшін ел Парламенті ұсынылған заң жобасын тездетіп, мақұлдауы қажет болып тұр.

«Дегенмен бұл бастаманың өзі ұзаққа созылып кетпесе екен» деп күдіктенеді Астана қаласының тұрғыны, такси жүргізуші Ілияс Манасов.

– Минутына 35-40 теңгеден жалға беру біреулердің қалтасына оңай ақшаның сытырлап түсіп жатқаны емес пе деп қауіптенемін. Жасыратыны жоқ, қазір қала көшелерінде жүріп келе жатып, «қай жерден самокатшылар шығып қалады?» деп алаңдайтын дәрежеге жеттік. Алғашқы жылдары жаяу жүргіншілер жолымен жүретін олар қазір жолдың жүріс бөлігіне түсіп алып, қаптаған көлік тасқынының ортасында қапталдасып келе жатады. Кейде тіпті бір самокатқа екі адам мініп алғанын да көзім шалды. Бұл жөнінде қалалық жол полициясына бірнеше рет наразылығымызды да жеткіздік. Олар «жақында осыған байланысты заң қабылданады, тиісті шара қабылданады» деп шығарып салды. Бірақ біз бұған онша сеніңкіремей тұрмыз. Біздің ойымызша, электрсамокаттар мен электрскутерлерге нақты тыйым салынбайды. Адамдардың наразылығын басып, қоғамды тыныштандыру үшін қолданыстағы заңға кейбір өзгерістер енгізілуі мүмкін. Ал шындығында бұл құралдар бүгіннің талабы болып тұр. Неге десеңіз, миллионнан аса халқы бар алып мегаполистегі күн сайынғы кептелістер мен көше жөндеуінен мезі болған жастарға жұмысқа барып, студенттерге оқу орнына жету үшін бұл таптырмайтын көлік болып қала бермек. «Заң қабылданады, бәрі реттеледі» деп бізді алдаусыратқанша, билік қаладағы инфрақұрлым мәселесін шешуді қолға алса екен. Нақтырақ айтқанда, жаңадан кең алты, сегіз жолақты жолдар салып, айналма жолдарды көбейтсе, онда электрсамокаттар мен мотороллердің жүретін арнайы бөлек жолы болса дейміз. Сонда ғана күннен-күнге күрделеніп бара жатқан бұл мәселе шешімін табуы мүмкін деп ойлаймыз, – дейді қала тұрғыны.

САУАЛ КӨП, ЖАУАП ЖОҚ

Осы төңіректе заңгер Қанат Молдашев өз ойын біршама ашық білдіруге тырысыпты. Ол бәрімен келіседі.

«Мотороллер, электрсамокат, электрскутер, тағы да басқа құралдар бүгінде қала тіршілігіне әбден қажет. Оны жоққа шығара алмаймыз. Сонымен қатар жүргізушілердің де, қала тұрғындарының да алаңдаушылығы өте орынды. Қауіпсіздік бірінші тұруы керек. Ал енді қоғам мен адамдарды сабасына түсіруге тырысқан ішкі істер органының да заң жобасын ұсыну әрекетін қолдаймын. Бірақ тәртіп сақшылары осы заң жобасында көптеген жайды ескермегені байқалады.

Біріншіден, ҚР «Жол қозғалысы туралы заңының 62-бабында көлік құралдарын пайдалануға байланысты жасалған тәртіп бұзушылықты анықтау үшін көлік құралы міндетті түрде мемлекеттік тіркеуден өтуі керек. Сағатына 50 километр жылдамдықтан жоғары жүретін көлік құралы ғана мемлекеттік тіркеуден өтеді (64-бап).

Екіншіден, заң жобасында электрсамокаттардың қала көшелерінде сағатына қанша жылдамдықпен жүруі көрсетілген бе? Көрсетілсе, ол қалай анықталады? Әзірге оларға жылдамдық өлшеу құралы орнатылмаған ғой. Ал осылардың барлығын мемлекеттік деңгейде заңдастыру керек қой. Оған қанша уақыт кетпек? Біз осы сұрақтарды Ішкі істер министрлігіне қойғанымызда, үнемі үнсіздікке тап боламыз.

Рас, Қазақстан Үкіметінің арнайы қаулысында велосипедпен қалада арнаулы жолмен, ол жоқ болса, көлік жолының оң жағымен жүруге рұқсат етілген. Ал самокаттарға бұл ережені қолдануға бола ма, оған рұқсат етілген бе? Заң жобасы авторлары бұл сауалымызға да жауап берген жоқ.

Жаңа ереже бойынша жаяу жүргіншілер жолымен жүргенде электрсамокаттардың жылдамдығы сағатына алты километрден аспауы керек. Алайда оны кім қадағалап, кім өлшеп жатыр?

Үшіншіден, қазір жол ережесін көпе-көрінеу бұзып, көзге түскен самокатшыларды тоқтатып, жазалаудың өзі өте қиын. Біріншіден, тіркелмеген, нөмірі жоқ, екіншіден, жол полициясының заңды талабына бағынбай, көлік тасқынының арасымен қашып, көзден таса болады. Міне, осындай қиындықтарды қалай шешуге болады?

Парламент қабылдайтын заң жобасы ҚР ІІМ тарапынан Париждегі сияқты халықтың көңілін аулап қойып, наразылықты тыныштандыру үшін дайындалған болса, онда Үкімет бұл мәселені түпкілікті шеше алмайды. Сондықтан бұл төңіректе әңгіме көп. Нақты бір шешімнің әзірше мүмкіндігі көрінбей тұр. Дегенмен аталған заң жобасы өмірге енсе, бұл бағытта аз да болса ілгерілеу болуы керек деп үміттенеміз» дейді заңгер.

ВЕЙПТЕН КЕЛЕР ҚАУІП ҚАНДАЙ?

Өткен жылдың соңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің батыс өңіріндегі сапарында жастар арасында болған кездесуде электронды темекіге әуестеніп бара жатқан оқушылар туралы айтып: «Қазір ересектердің ермегіне айналған электронды темекіге оқушылар да әуестеніп барады. Мұндай темекіні балалар дүкеннен еш кедергісіз сатып алады. Бұл – қауіпті жағдай» деп көрсетті.

Жасөспірімдер арасындағы проблеманың бірі ретінде Президенттің дабыл қағуы көбімізге ой салады. Тек бұл емес, қазіргі уақытта елімізде жасөспірімдер арасындағы проблема көбейе түсуде. Оның ішіне күннен-күнге саны көбейіп жатқан қылмыстар, есірткіге тәуелділік, электронды темекі, ішімдік ішу, суицид әрекеті және т.б. жатады.

Жасөспірімдер арасында электронды темекі шегу, ішімдікке жол беру секілді зиянды іс-әрекеттер күннен-күнге көбеймесе, азаймады. Кішкентай мектеп оқушысының қолынан сондай қауіпті заттарды көргенде таңғалмайтындай күйге жетіп отырмыз, сол жағын қарастырып, жағдайды шешуге «әрекет неге жасамасқа?» деген ой келеді. Өкінішке қарай, екінің бірі сондай электронды темекінің дәмін татқан. Көп жасөспірімде тәуелділік басымырақ болып тұр деп айта аламыз.

Негізі, Қазақстан бойынша 2021 жылдың 1 шілдесінде электронды темекілерге тыйым салынған болатын. Бірақ дәл қазіргі уақыттың өзінде электронды темекілердің таралуына тосқауыл болып жатқан жоқ. Әлі күнге дейін балалардың болсын, ересектердің болсын қолынан темекісі түспей, аузынан бу бұрқырап жүреді. Мұны темекі шегушілердің жаңа түріне балап, вейперлер деп атайды (ағылшын тілінен аударғанда «vaping» – «көтеру»). Жаңа үрдіс кең тарап жатыр. Өйткені еліктегіш халық қарапайым темекіден жалыққандай, заманауи сәнге сай, электронды темекіні көп тартады. Темекінің қандай түрі болмасын адам денсаулығына қауіпті. Оның зиянын қаншалықты түсінсең де, мүлдем тастап кету үшін ерік-жігер қажет.

Жақында ғалымдар жасөспірімдердің үш тобын арнайы сынақтан өткізіп, электронды темекінің денсаулыққа зияны туралы тәжірибе жасапты. Ол үшін үш топты жинап, салыстырады. Біріншісі тек электронды сигареттерді пайдаланды, екіншісі шылыммен бірге электронды темекілерді де шеккенді жақсы көреді, ал үшіншісі ешқашан темекі шекпеген. Нәтижесінде бірінші топтағы жасөспірімдердің несебінде акрилонитрил, акролеин, пропилен оксиді, акриламид және кротонды альдегид сияқты улы химикаттардың едәуір көп мөлшері анықталады. Не болғанда да, кәдімгі шылым не электронды темекі шегу денсаулыққа зиян. Екі жағдайда да өкпеге, жалпы ағзаға түсетін канцерогенді заттардың мөлшері көбейіп, тынысын тарылтып, жүрек қағысын бұзып, ағзаға салар салмағы ауыр болатынын анықтаған.

Аяулым ДАУЫЛБАЙ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1-курс студенті

№70 (4503) 15/06/2023 Бейсенбі

Маралтай: ЖАЗМЫШҚА СЕНЕТІН ЖАРАТЫЛЫСПЫН

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары әдебиетке бөлекше болмыс, ерекше екпінмен келген дауылды жүректің жырлары кім-кімді де бейжай қалдырмайтыны рас. Ақын, Қазақстан Жастар одағы және «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Маралтай ЫБЫРАЕВПЕН әдебиеттің бүгіні мен болашағы туралы сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

– «Заманның заңғар ақыны Маралтай Ыбыраевпын!» дегеніңіз өзіңізді-өзіңіз бағалауды білдіре ме, я шынымен солай ма, қалай ойлайсыз? Жас кезіңіздің біразы пәтерде жүріп өтті. Осыған өкінбейсіз бе?

– Бұл құрбы-құрдастың арасында қалжыңдап айтылған сөз ғой. Бағаны уақыт пен халық береді... Жастық шақ пәтерде өтсе жақсы ғой, менің жастық шағым көшеде өтті. Оны менің замандастарымның бәрі біледі. Бір күн түнеп шығатын жерге зар болдық. Жазушылар Одағын паналадым. «Кеңсайға» бардым. Ақын ағаларымызды жағаладық. Барын алдымызға тосып, жанашыр қамқор пейіл танытқан сол ағаларымызға, үйіндегі жеңгелерімізге мың рахмет! Әйтпесе, бұл күнге жетер ме едік, жетпес пе едік. Кейде, Төлеген Айбергенов сияқты «Бір тойым болатыны сөзсіз менің!» деп айқайлап өлең оқығым келеді. Мен өзімнен үлкеннен де, кішіден де жақсылықты көп көрген адаммын. Олардың бәрі менің көңілімнің төрінде өмір-бақи тұра беретін болады. Солардың бәрін жинап, дастарқан жайып, рахмет айтқым келеді. Құдай қаласа, дәл солай жасаймын! Сол кезде көрген қиындықтың бәрі жұмыссыздықтан деп ойлаймын. Жұмысың болса, дәл олай қиналмайсың ғой. Жасыратыны жоқ, ол бір қиын уақыт еді. Біз көрген қиындықты әдебиетке енді келіп жатқан ұл-қыздарымыз көрмесе екен деймін.

– Өмірге қайта келсеңіз қай мамандықты таңдар едіңіз? Сіздей танымал ақын үшін биік қазына не?

– Өмірге қайта келуге мүмкіндік берілмейді ғой. Ондай мүмкіндік берілсе жас ғұмырын қор қылған, рәсуа еткен қаншама адам «құрулы тордан» айналып өткен болар еді. Алланың «жазуы» деген нәрсе бар. Мен соған иланам. Мен үшін ең биік қазына – елімнің амандығы!

– Қандай жас қаламгердің тағдырына қол созып, көмектестіңіз?

– Жасаған жақсылығымды, әсіресе жастарға жасаған қамқорлығымды санамалап айтып бере алмаймын. Себебі есімде жоқ. Жастарға жасалған қамқорлық гүлге құйған су сияқты, жаныңды жадыратады. Жастарға жасалған қамқорлық, түптеп келгенде, өзіңе жасалған қамқорлық. Егер менен «жас кезіңізде кімдерден жақсылық көрдіңіз?» деп сұраса мен іркілмей күнді күнге, түнді түнге жалғап айтар едім. Егер жастарға қамқорлық көрсеткен болсам, оны олардың өздері айтқаны абзал.

– Поэзия екі жол өлең құрастырғанның, әнге сөз жазатын тақпақшыл жандардың «ермегіне» айналды. Ішіңіз ашымай ма?

– Удай ашиды!!!

– Бір жақсы өлең үшін өміріңізді қияр ма едіңіз? Отбасыңызды әдебиеттен, әдебиетті отбасыңыздан биік қойған кездеріңіз болды ма?

– Ол шынымен шедевр болса, өміріңді қиюға болады.

– «Талант болу үшін бақытсыз балалық керек» дейді. Өмірдегі сәтсіздіктер сәтті шығарманың тууына себепші екенін мойындайсыз ба?

– Олай деп нақты байлам жасауға болмайтын шығар. Мысалы, менің балалық шағым жайдары, шаттыққа толы болды. Ата-анам, бауырларым қасымда. Үйдің кенжесі ретінде еркелігім толық «ескеріліп» отырды. Әке мен шешенің мейіріміне шомылып өстім. Алайда өзің айтқандай, өмірдегі кейбір сәтсіздіктер кейбір сәтті шығарманың жазылуына септесуі әбден мүмкін. Бұған көптеген мысал келтіруге болар еді.

– Жазушының жағдайын елі түзеуі керек пе, әлде жазушы елінің қамын көбірек жегені дұрыс па? Орыста «Таланттарға көмектесу керек, талантсыздар өздері-ақ бұзып-жарып шығады» деген тамаша мәтел бар. Осыған не дейсіз?

– «Елдің қамын ойла, сенің несібең елмен бірге» деген даналардың асыл сөзі бар. Біздің ел көнеден сөз ұстаған тұлғаларынан қай кезде де бұқараның арман-мұратына ұстын болар пәтуалы байлам күтіп үйренген. Бүгінде, бұл ретте бәрі бірдей болмаса да көптеген қаламгер халық күткен биіктен көріне алмай келеді. Бұл жерде түбі терең нәзік иірімдер бар. Елдің қамын жемейтін қаламгер болмайды. Өз кезегінде біздің жұрт дарынды ұл-қызын ешқашан шет қақпай қылмаған. Қара орман қазаққа «аң-құстың» бәрі бірдей.

– Жеңуді көздейтін мәдениеттің инерциясы қандай болуы керек деп ойлайсыз?

– Бізде сан ғасырлық сұрыптаудан өткен мәдениет потенциалы бар. Қазақтың дүниетаным, әдет-ғұрып, салт-санасы ғажайып мәнге ие. Қазақтың ас-суы, қонақ күтуі, киім киісі, көші-қоны, байтақ дала мен ғарышты соншалықты терең танып игеруі – адамзат руханиятына қосылған асыл қазына. Біз ұлттық өнер саласында да, спорт саласында да әлемге айтар сөзі бар елдің санатындамыз. Тек қана сол сан мыңжылдық тарихы бар ұлттық мәдениетімізді жетілдіріп алдыңғы қатарға шығаратындай қамқорлық пен ыждаһаттылық қажет. Бір ғана көкпарды олимпиада ойындарының қатарына кіргізе алсақ, күллі түркі жұртының болмысын әлем алдында айқындаған болар едік-ау...

– Маралтай ақын бір сөзінде «...Алайда қазір қолында ақшасы бар кез келген адам кітабын шығарып және оны жарнамалай алады. Бұл қауіпті. Әдебиет атқораға айналмауы керек» деді. Сол пікірде қаласыз ба?

– Кітап – қасиетті ұғым. Кітапта адам баласының ізгілік бастаулары топтасқан. Біз білетін адамзат тарихында дәл бүгінгідей кітапқа деген құрметсіздік орын алмаған болар. Мен бұл жерде парықсыз, биік танымнан ада қаптаған саны бар, сапасы жоқ «кітаптар» туралы айтып отырмын. Кітап дегенде біздің есімізге көктен түскен төрт кітаптан да бұрынғы кітаптар елес береді. Ең негізгі екі ұлы кітап бар. Ол – Жаратушы мен жаралушы..! Біз осы екі кітапты тауыса алмай келеміз...

Түрлі-түрлі ой түсірген
санаға,
Тау да кітап, тас та
кітап данаға.
Сонау құстар зау биікте
жөңкілген,
Құс жолының жырын оқып
бара ма?
Күн де кітап, гүл де кітап
білгенге
Кемеңгерге айналдырар
бір демде.
Адамзаттың өзі кітап
емес пе
Екі дүния арасында
жүргенде.
Су да кітап, нұр да кітап
көргенге
(Көре алмаған кеудесі көр
шерменде)
Кітабын да қоса берген
Жаратқан
Он сегіз мың бұл ғаламды
бергенде.
Мен кітапты Ана десем
нанасың
От пен судан қорғаштаған
баласын.
Заман қанша
жатсынғанмен
Анасын
Бұзылмауға тиіс ұлы
жарасым.
Азғындаудың шегіне жұрт
жеткесін
Ақын жүрек кімге айтады
өкпесін.
...Аяқ асты құсқа айналған
анадай
Кітап қайта көкке ұшып
кетпесін.

– Дәстүрлі сұрақ қазақ ұлтының ілгерілеуіне не кедергі?

– Бұл – жүз ойланып, мың толғанатын сауал. Мұның мыңдаған жауабы бар. Бұл – башалап баяндауды талап ететін тақырып. Ең бастысы, қазақтың өзі кедергі!

– Шындығында да мен үшін қызықты сұрақ: «Алдағы ғасырда кім оқылатын болады?»

– Шындық деген Құдайдың бір аты деп ойлаймын. Сондықтан да қай дәуір, қай ғасырда да шырқыраған шындықтың туы құламайтын болар. Сол әліптес шын, шынайы шығарма жерде қалмайды. Көркемдік, образ, форма шындыққа қызмет етуге тиісті.

– «Әдебиеттің 1 проценті ғана талантқа тәуелді, ал қалған 99 проценті білімге, үздіксіз жетілуге және еңбекке тәуелді» дегенге келісесіз бе? Кімдерді оқисыз, оқығыңыз келеді?

– Дулат Исабектің «Біздің жасымызда кітап оқымайды. Біздің жасымызда кітапты қайталап оқиды» деген қанатты сөзі бар. Қадыр Мырза Әли ағамыздың жұмыс кабинетінде алып құмырсқаның суреті ілулі тұрады екен деп еститінбіз. Құмырсқа – еңбекқорлықтың нышаны екені белгілі. Қадыр аға да шын мәнінде ерен еңбекқор болды. Ол кісінің жазу үстелінде беті айқара ашылған оншақты жазу дәптерлері мен ұқыпты ұшталған қарындаштар жиналып тұрады екен. Қадыр ағамыз жазу үстеліне отырғанда қай жанрға ықыласы ауса сол бағытта қалам тербей беретін болған. Біз сияқты қаламын тістелеп, тұңғиық жанарын алысқа қадап ойланып отырмайды екен. Міне, сізге еңбекқорлық! Сондықтан да күңгірт ойға қомшаулық етпей тер төккен ләзім.

– Аға, ұрпақтың інілерге қандай өсиетін ерекше атап өтер едіңіз?

– «Оқы! Оқы және оқы!»

– Неге кеш қалдыңыз, неге өкінесіз, неге қуанасыз?

– Кез келген адам баласы өз танымының аясында ғұмыр кешеді. Осы тұрғыдан алғанда, сіз айтып отырған адами өлшемдер мені соншалықты толқытпайды. Мен жазмышқа сенетін жаратылыспын. Сондықтан кеш қалдым немесе уақытымнан озып кеттім деп шымқана оранып отқа қарап отыратын ылжыр жан емеспін.

– Атқарушы билік мәдениет пен әдебиетті дамытып, жекелеген қайраткерлерге жағдай туғызса, өнер иелері оларға қарыз сияқты сезінгені дұрыс па? Неге үлкен дарындардың біразы билік бастамаларының бәріне бірдей бас шұлғи береді?

– Жоғарыда осыған мазмұндас сауал қойылды. Қал-қадерімізше жауап бердім деп ойлаймын. Атқарушы билік өнерге жасаған қамқорлығын міндет ету мәдениетті түрде айтқанда, мәдениетсіздік болып табылады. Бізде билік пен бұқараның арасы алшақтап кеткені жасырын емес. Қаламгер қауымы қай кезде де билік пен халықтың арасындағы алтын көпір қызметін атқаруға тиіс деп ойлаймыз. Бірақ бұл үміт көп жағдайда ақтала бермейді. Біздің халық қаламгерлерді баяғы Бұқар жырау мен Махамбет деңгейінде көргісі келеді. Өкінішке қарай...

– Фейсбуктегі Ғабиден туралы жазбаларыңызға не түрткі болды?

– Ғабиден аға туралы жазбамды әлеуметтік желідегі жұрт жақсы қабылдады. Себебі аз болса да ащы шындық айтылды. Өткен ғасырдың соңғы жылдарын көзімен көрген ұрпақ әлі сиреген жоқ. Адам бойындағы кісілік қасиет сарқылып бара жатқан тұста Ғабиден ағаның рухани болмысы әрбірімізге үлгі болуға тиісті еді. Мен өмірге екі мәрте емес, үш мәрте келсем де осы тағдырымды таңдаған болар едім. Себебі жазмыштан озмыш жоқ.

– Кекшілсіз бе, кешірімшілсіз бе? Өзіңізді кешіре алмаған тұсыңыз бар ма?

– Кешірімшілмін. Кек ұстай алмаймын. Ауырып қалам... Бірақ, кешірімшілдік өзіме келгенде жүрмей қалады. Өзін кешіре алмайтындай, өзін сыйламай кететіндей әрекетке адам бекер бармайды. Оның түрлі себептері болуы мүмкін. Кейде өз-өзіммен күбірлеп сөйлесіп жүрем. Бұрын бала кезде өз-өзімен сөйлесіп жүрген әкемді көргенде күлуші едім. Мүмкін, күбірлемей сырыңды ашық айтатын достың тапшылығы шығар бұл...

– Елуден соң дос азаяды, нағыз дос аз болатынына өкінбейсіз бе?

– Нағыз дос қай кезде де аз болған. Біздегі достық – сәлем-сауқат деңгейінде. Достық деген – ұлы ұғым! «Достық кетті оңай боп, Дос деген құр атағы. Жолыққанда «қалай?» деп, Жымиғаны батады!» – дейді Жұмекен ақын. Расул Ғамзатовтың достық туралы жыры бар. Мендегі көңіл-күйді дөп басатын жырдың бірі – сол. Жоғалған пышақтың сабы алтын дейтіндей Әмірхан кеткелі көңілім қоңылтақсып қалды. Әмірхан тұрған үйге ескерткіш-тақтаны әрең қойғыздық. Әмірханның бюстескерткішін дайындап қойып қарап отырмыз. Алматы қаласына ескерткішін қоюға тиісті орындар ұлықсат бермеді. Әмірханға алакөзбен қарамай-ақ сөзімізді айтар болсақ, ол бүгінгі Асқар Сүлейменов еді ғой... Өлген достың орны бейіште болсын. Ең жаманы – тірідей дос жоғалту. Құдай содан сақтасын! Бүгінгі күніміз Бауыржанға қарап тұр. Амал жоқ. Осыларды сақтау керек.

– Екі ғасырдан соң ақын Маралтайдың қай өлеңін ғалымдар талдап жатқанын қалар едіңіз?

– Егер Жер бетінде екі ғасырдан кейін өлең талданатын болса, онда Адамзат баласы шын ұшпаққа шыққаны ғой. Егер екі ғасырдан кейін Абай Құнанбайұлының кемеңгерлік қағидаттары өз мәнін жоймаған болса, онда біздің де шимай-шатпағымыз бір жерден табылып қалар деп үміттенуге болса... Көңілге сол медеу, сол қанағат.

– Өмірдің мәні неде? Зейнетке шыққасын немен айналысамын деп ойлайсыз?

– Өмірдің мәні – өмірде!

Сұхбаттасқан
Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Балалар мектепте негізгі білімді оқып үйренеді. Бірақ, мектептен алған білімді шыңдап, ғылыми, мәдени, рухани тұрғыдан даму үшін оқушылар мен жасөспірімдерге кітаптан бөлек, газет-журналдарды оқудың пайдасы зор. Өз қатарында жастарды, жасөспірімдерді, балаларды отаншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелейтін, танымын кеңейтетін басылымның бірі – «Ақ желкен» журналы.

«АҚ ЖЕЛКЕНДІ» АЯЛА

100 жылға жуық тарихы бар бұл басылымның қазақ журналистикасында алатын орны ерекше. Өйткені қай елде, қай ұлтта болсын жас ұрпақ тәрбиесі мен оларға жасалатын қамқорлыққа айрықша көңіл бөлініп, болашақта жақсы азамат қалыптастыру бағытында барлық мүмкіндіктер жасалды. Баланы жастайынан жақсылыққа, батырлыққа, адалдыққа, елін сүюге тәрбиелеу – ұлтымыздың қанына сіңген қасиет. Бұл ретте басылым беттерінде баланың түсінігі мен қабылдау ерекшелігін ескере отырып жазылатын дүниелер олардың қызығушылығын тудырып қана қоймай, ынта-зейінін арттырып, тартымды тілмен және жүректерінен орын алатын тақырыпты дөп тауып жазуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, жасөспірімдердің талғамына сай жыл сайын дизайны өзгеріп тұрады.

Балалардың әдебиетке қызығушылығын арттыратын басылымының тұрақты оқырмандары да бар. Соның бірі, Ф.Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназиясының 3 «Г» сынып оқушысы Қайрат Сұлтан «Ақ желкен» журналын үнемі оқиды. Әртүрлі байқауларға қатысып тұрады. Осыған орай «Оқуға құштар Қазақстан – оқуға құштар ұлт» жобасы аясында ұйымдастырылған «Поэзияның жанды сөзі – 2022» атты қалалық мәнерлеп оқу байқауына қатысып, II дәрежелі диплом алды.

Журналды үзбей, қызыға оқитын оқырманның бірі – 5 «В» сынып оқушысы Айжан Табарак өте ізденімпаз, зерек, ұқыпты, жауапкершілігі мол, оқуда озат оқушы. Балаларға арналған кітаптарды, «Айгөлек», «Ақ желкен», «Ұлан» газет-журналдарын өте көп оқиды. Көптеген байқауларға қатысып, өзінің әдебиетке деген махаббатын, білімін жан-жақты дәлелдеп жүр. Атап айтсақ, 2022 жылы жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сыныптарға арналған Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша жүлделі орын иегері атанды.

Қазірде елімізде балалар басылымдары өз міндеттерін ойдағыдай атқарып, білімді, ақылды ұрпақ тәрбиелеуде. Әріп таныған бүлдіршін рухани құндылыққа байымай, елдің ертеңін сеніп тапсырар азамат шығуы екіталай. Сондықтан да балалар мен жасөспірімдер газет-журналдары барша басылымдардың баспалдағы екенін есте сақтаған жөн.

Ғаухар АМАНГЕЛДІ,
Шынар ӘБИІР,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2-курс студенттері

Жазғы лагерь – балаңызды жаңа достармен таныстыру, оның әлеуетін ашу, сенімді және өз бетінше шешім қабылдауды үйрену мүмкіндігі. Жазғы каникулда балалар шетелде, ауылда немесе ақылы лагерлерде өз демалыстарын өткізеді. Жалпы еліміз бойынша балалар үшін сауықтыру, білім беру, экологиялық, шығармашылық, спорттық, көшбастшылық бағдарламалары бар лагерлер жабдықталған.

ТЫНЫҒЫП, ТАНЫМЫН КЕҢЕЙТЕДІ

АСТАНАДА ҚАНША ЛАГЕРЬ БАР?

Елордада 155 жазғы лагерь жұмысын бастады, оның 85-і – мектеп жанындағы, 68-і – мамандандырылған, 2-і – қала сыртындағы лагерлер. Биыл жазғы кезеңде 197 869 оқушы жазғы демалыстың барлық түрімен қамтылады, – деп хабарлады Астана қаласы Білім басқармасының баспасөз қызметі.

Біз бүгін мектеп жанындағы лагердегі оқушылардың тыныс-тіршілігімен таныстыруды жөн көрдік.

Мектеп – оқушыға тек қана білім беретін оқу ордасы ғана емес, тәрбиелейтін орын. Әсіресе, үйінен, ата-анасынан алыстағысы келмейтін, достарынан ажырамайтын балалар көбіне мектеп лагерін таңдайды.

ФЕРМЕРЛІК ЛАГЕРЬ

Астана қаласындағы С.Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейде ашылған мектепішілік лагерге 4 топтан құралған 600 оқушы қатысады. Жалпы мектепте 4800 оқушы, 235 ұстаз бар.

Балалар таңертең келісімен сапқа тұрып, таңғы жаттығуларын жасайды, кейін бір-бірімен ойнап, сосын тамақтануға барады, ән айтып, би билейді. Бірге тегін театрларға, бассейнге барады. Және де бұл лагердің басқалардан ерекшелігі – балалар жылыжайда көкөніс егіп үйренеді.

– Болат Өтемұратов қорының демеушілігімен мектепте арнайы жылыжай ашылған болатын. Қараша айында алғашқы жылыжайымыздың есігі ашылды. Ең алғаш балалар арасында қияр, қызанақ, шалқан, сәбіз, картоп сынды көкөністерді қалай баптап-өсіру керектігін үйреттік. Олардың қызыққаны соншалық, жылыжайға күнде келіп, күтім жасап, көкөністердің топырағын қопсытып, олардың күніне қанша сантиметрге өсетінін бақылап жүр, – дейді «Бағбан бала» тобының жетекшісі Ермек Нұрғалиұлы.

Балалардың барлығы жайдарлы, достарымен қайта қауышқандарына қуанышты. Өздерінің еңбектеніп еккен көкөністерінің жемісін жеп отыр.

Неге мектеп лагерін таңдадың? – деген сұраққа балалардың біразы достарыммен бірге қызығырақ деп жауап берді.

ЭТНОЛАГЕРЬ

М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназияда «Ұлы дала ұланы» этнолагері бағдарламасы іске асырылды. Бағдарламаның мақсаты – оқушылардың маусымдық лагерін ұлттық құндылықтар негізінде ұйымдастыру. Бұл лагердің басқа демалыс орындарынан ерекшелігі – балалардың бойына қазақы болмысты қалыптастыру, ұмыт бола бастаған салт-дәстүрлерімізді жаңғырту.

Екіншіден, лагерь 4 мезгілде де жұмыс жасайды. Этнолагерь бағдарламасы 4 маусымдық «Жазғытұры», «Сарыжайлау», «Күзем», «Қыстау» бөлімдерінен тұрады.

Лагерде 11 топ бар, балалардың жалпы саны – 202. Мектепте 8 шеберхана бар. Әр шеберханада әртүрлі шеберлік жұмыстар жасалады. Алдымен, балаларға қауіпсіздік іс-шаралары түсіндіріледі. Лагерде ұлдар ағаштан қамшы, ал қыздар түрлі әшекей-бұйымдар жасап үйренеді.

«Саз өнері» балалар арасында өте танымал. Сазды арнайы Түркістан қаласынан алдыртады. Балалар құмыраны жасап болғаннан кейін, өздерімен бірге алып кетеді. Оның шығу тарихын, содан соң қалай жасалу керегін шеберхана иесі Тәуір Сейітбекұлы балаларға егжей-тегжейлі түсіндіреді.

Этнолагерь балалардың уақытын тиімді пайдалану мақсатында жұмыс жасайды. Сергіту сәтінде балалар бес асық, тоғызқұмалақ секілді ұлттық ойындар ойнап көңіл көтереді, мотивациялық фильмдер көреді. Музыкалық аспаптарда ойнап үйренеді. Тіпті балалар осы жерден қойды қалай сою керектігін, ұлттық тағамдар қалай жасалатынын үйренеді.

Балалар үшін логопед, психолог, дефектолог мамандары жұмыс жасайды. Олар ерекше білімді қажет ететін оқушылардың таным процесін дамыту үшін, түрлі ойындар ойнатады.

«Ұлы дала ұланы» маусымдық этнолагерінің бағдарламасы Қазақ халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігі, тарихы, мәдениеті, ауыз әдебиеті, өнері, ғылымы, ұлттық ойындары, ұлттық тағамдары және тән саулығы туралы тақырыптарын маусым бойынша түгел қамти отырып, оқушылардың ұлттық болмысын қалыптастыруды мақсат еткен.

МУЗЕЙДЕГІ ҮЙІРМЕЛЕР

Жазғы демалыс кезінде Қазақстан Республикасының Ұлттық музейіне оқушыларға кіру тегін. Сондай-ақ мұнда тегін сабақтарға жазылуға болады. Жазғы маусымда Астана күніне және басқа да мерекелерге арналған іс-шараларды өткізу жоспарлануда. «Музейдегі жазғы демалыс» жобасының мақсаты – балалардың жазғы бос уақытын дұрыс ұйымдастыру, Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын таныстыру, өскелең ұрпақтың мәдениетке деген қызығушылығын ояту. Маусым кезінде мұражай мамандары интерактивті танымдық экскурсиялар, ұлттық және спорттық ойындар өткізеді.

Елордада 155 жазғы лагерь жұмысын бастады, оның 85-і – мектеп жанындағы, 68-і – мамандандырылған, 2-і – қала сыртындағы лагерлер. Биыл жазғы кезеңде 197 869 оқушы жазғы демалыстың барлық түрімен қамтылады

КИІЗ ҮЙДЕГІ ЛАГЕРЬ

«Тұлпар» киіз үй лагеріндегі 7 күндік турдың құны – 25 000 теңге. Этникалық киіз үй лагері Ерейментаудың маңында, «Бұйратау» ұлттық табиғи паркінің аумағында орналасқан.

«Тұлпар» лагерінің бағдарламасында: оқу, туған жерді тану, Қазақстан халықтарының ұлттық ойындар мен қолөнері, атқа міну, домбыра тарту, тағамдар әзірлеу, шеберлік сыныптары, команда құру ойындары, квесттер, театрландырылған қойылымдар, байқаулар, би кештері ұйымдастырылады.

ШАТЫРЛЫ ЛАГЕРЬ

«Батыр» лагерінің 7 күндік туры – 25 000 теңге. Лагерь Астанадан 100 шақырым жерде, Ерейментау аймағында «Бұйратау» ұлттық табиғи саябағының аумағында орналасқан. Лагерь 6 маусымнан бастап 7 күннен жұмыс істейді, бір маусымда 160 бала қамтылады. Бағдарламасында: жаяу жүру, спорт эстафеталары, шеберлік сабақтары, квесттер, кешкі іс-шаралар, жарыстар, би кештері және тағы да басқа ойын-сауық бағдарламалары бар.

ОҚУШЫЛАР САРАЙЫНДАҒЫ ЛАГЕРЬ

Махамбет Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайының бір маусымдық турының бағасы – 25 000 теңге. Балалар үшін ағаш ою өнері, хореография, вокал, көркемсурет, спорт секциялары (жүзу, карате, шахмат) бар. 5 жастан 18 жасқа дейінгі әрбір мүдделі бала Mindal электрондық порталы арқылы «Ұйымға қабылдау және қосымша білім беруге қабылдау» мемлекеттік қызметін ала алады. Бүгінгі таңда үйірмелер мен секцияларда 920 оқушы тегін және ақылы негізде оқуын жалғастыруда.

«АҚКӨЛДЕГІ» ЛАГЕРЬ

«Arman» және «Боровичок» 7 күндік турының бағасы – 42 000 теңге. Екі лагерде елордадан 100 шақырым жерде, Ақмола облысы Ақкөл қаласының жанында орналасқан. Лагердің бағдарламасы: әртүрлі жастағы балалардың ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған логикалық шытырман оқиғалы квесттер, команда құру ойындары, шығармашылық шеберханалар, үйірмелер, туризм негіздерін үйрену, құзға өрмелеу, жарыстар, ойын-сауық, би кештері және тағы да басқа іс-шаралар ұйымдастырылған. Лагерь жұмысына педагогикалық ұжымдардың кәсіби жетекшілері қатысады. Іс-шаралар қазақ және орыс тілдерінде өтеді.

Санасын сабақтан арылтып, балалық шақтың аралында алаңсыз сайрандауды армандамайтын бала жоқ. Осы орайда лагерь – балалар демалысы үшін таптырмас орын. Демалысында интернеттен бас алмай отырғаннан, түрлі лагерлерге барып, білімін жетілдіріп, жаңа ортамен танысқаны жөн деп ойлаймыз!

Шынар ӘБИІР,
Гауһар АМАНГЕЛДІ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2-курс студенттері

БАЛА ЛАГЕРГЕ НЕ АЛЫП БАРУЫ КЕРЕК?

- *Ауыстыратын іш киімдер (шұлықтар, жейделер және тағы да басқа)*
- *Әртүрлі ауа райына ауыстырып киетін ыңғайлы аяқ киім;*
- *Спорттық және бөлме аяқ киімі*
- *Жемпір, күртеше,спорттық киімдер*
- *Бас киім (кепка, шарф)*
- *Шомылуға арналған киім*
- *Жеке гигиеналық заттары (сүлгі, тіс щеткасы, тарақ және т.б.)*
- *Дәрі-дәрмектер, жақпа майлар.*

№70 (4503) 15/06/2023 Бейсенбі

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖОБАЛАРЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

Елорданың аудандары мен елді мекендерін сапалы байланыспен және интернет желісімен қамтамасыз ету бойынша белсенді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында «Astana Innovations» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Даниал Айткенов пен «Astana Innovations» АҚ Цифрлық трансформация департаментінің директоры Жанат Маусымбаев мәлімдеді.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

«Astana Innovations» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Астана қаласын цифрландыру аясында іске асырылып жатқан жобалар жөнінде баяндай келе, Мемлекет басшысының 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 «Мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиядан арылту шаралары туралы» жарлығын және Астананы одан әрі дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте берілген тапсырмаларды орындау мақсатында елорда әкімдігінің құрылымдық бөлімдерінің процестерін автоматтандыру жұмыстарының жүргізіліп жатқанын жеткізді.

– Бүгінгі күні 5 ұйым бойынша жұмыс істеп тұрған процестерге талдау жүргізілуде, оның ішінде 4 қалалық басқарманың, атап айтсақ, «Астана қаласының білім басқармасы» ММ, «Астана қаласының Көлік және жолкөлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ, «Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ, «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ және «Астана Тазалық» ЖШС коммуналдық кәсіпорны, сондай-ақ Астана қаласы әкімдігінің құрылымдық бөлімдерінің ағымдағы бизнес-процестерінің басымдығы қосымша айқындалуда. Сонымен қатар, осы жылы автоматтандыру жоспарланып отырған 100-ден кем емес процестердің алдын ала тізімі жасалып жатыр, – деді Даниал Айткенов.

Мәселен, білім басқармасының желісі бойынша автоматтандыруға жататын, электрондық түрде көрсетілмейтін немесе ішінара көрсетілетін бірқатар қызметтер, оның ішінде ведомстволық бағынысты ұйымдар анықталды. Жүргізілген жұмыс барысында енді мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық, медициналық, педагогикалық және консультациялық көмек көрсету және онлайн тексеру алуға болады. Автоматтандыру процестері аяқталғаннан кейін толық ақпарат жарияланады.

– Тіршілікті қамтамасыз ету мәселелерін шешу мақсатында елордада Ikomek109 бірыңғай байланыс орталығы жұмыс істейді, ол тұрғындарды толғандырған барлық мәселелердің 90 пайызына дейін жедел түрде қашықтан шешеді. Осы күнге дейін 10 миллион өтініш қаралды. Бүгінгі күні «Бірге» порталында өтініш берушілерге жұмыспен қамту басқармасы мен ведомстволық бағынысты ұйымдар өздері үшін де, қамқорлықтағы адам үшін де көрсететін арнаулы әлеуметтік қызметтерді алуға онлайн өтінім беру мүмкіндігі беріледі. АӘҚ көрсетуге жолдама беру, реабилитация қажет адамға куәлік беру, табиғи апат немесе өрт салдарынан зардап шеккен азаматтарға ақшалай төлемдер түріндегі әлеуметтік көмек, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету түріндегі әлеуметтік көмек, санаторлық-курорттық емдеуге арналған шығындарды өтеу, санаторлық-курорттық емдеу түріндегі әлеуметтік көмек, коммуналдық қызметтерді төлеу, тұрғын үйді ұстау, телефон үшін абоненттік төлем түріндегі әлеуметтік көмек мемлекеттік қызметтері іске асырылды, – деді «Astana Innovations» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

Даниал Айткеновтың айтуынша, басқару және орталықтардың функциялары мен бизнес-процестері автоматтандырылған және шаблондалған. Орталықтардың барлық функциялары онлайн форматқа ауыстырылды, орталықтар ішіндегі және басқару мен орталықтар арасындағы қағаз құжат айналымы алынып тасталды. Ақпарат алмасу процестері цифрландырылды. Жұмыспен қамту басқармасы мен ведомстволық бағынысты ұйымдар арасындағы байланыс жалғасуда.

– Қажетті оңалту орталығын көрсете отырып, арнайы әлеуметтік қызметтерді алуға өтінім беру мүмкіндігі іске асырылды. Нақты уақыттағы басқару процестердің күйін бақылай алады. Деректер тұрақты негізде жаңартылып отырады. Көрсетілетін қызметті алушылардың өтінімдерін өңдеумен және оңалту орталықтарының талдамалық мәліметтерін жаңартумен Жұмыспен қамту басқармасының қызметкері жеке кабинетінде айналысады. Орталықтардың рейтингін бағалау сегіз бағыт бойынша көрсетілетін қызметтер негізінде жүргізілетін болады. Талдамалық деректер әрбір оңалту орталығының өтініш берушілерін бағалау бойынша да, көрсетілетін қызметтер саны бойынша да ақпаратты қамтиды және ағымдағы сәтте орталықтардағы көрсетілетін қызметті алушылардың саны бойынша ақпаратты көрсетеді, – деді спикер.

Елорда тұрғындарын сапалы интернетпен қамту бойынша да жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, 2022 жылы радиофобияға және ПИК/МИБ жалдау ақысының өсуіне байланысты елордадағы 40 операторлық базалық станция қайта қалпына келтірілді.

«Astana Innovations» АҚ Цифрлық трансформация департаментінің директоры Жанат Маусымбаевтың айтуынша, бұл мәселені шешу үшін тұрақты түрде ПИК/МИБ және проблемалық учаскелердің тұрғындарымен ұялы байланыс және мобильді интернет сапасы бойынша кездесу өткізіледі. Мысалы, жыл басынан бері тұрғындармен осындай 30 кездесу өткізілді.

Қазіргі уақытта 10 тұрғын үй кешені базалық станция орнатуға келісімін берді, 14 тұрғын үй кешенінде жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ал 9 тұрғын үй кешені базалық станцияны орнатудан бас тартты.

Қаланың білім беру ұйымдарының зияткерлік дарынды оқушыларының зерттеу әлеуетін дамыту үшін жағдай жасау мақсатында жыл сайын STEM олимпиадасы өткізіледі. Бұл техникалық білім берудегі барлық соңғы жетістіктерді қамтитын инновациялық білім беру олимпиадасы: бағдарламалау, инженерлік робототехника және 3D модельдеу. STEM білім беруді танымал ету ғылыми-техникалық білімді нақты өмірде қолдануды және техникалық пәндерге қызығушылықты дамытуды білдіреді. Келесі жылы қалалық және халықаралық екі STEAM олимпиадасын өткізу жоспарланып отыр. Бұл олимпиаданы қала әкімдігі цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасы, «Astana Innovations» АҚ STEM Академиясымен бірлесіп және Astana it University қолдауымен өткізеді. Іс-шараға елорданың, облыстар мен қалалардың, сондай-ақ шет елдердің оқушылары қатысады. Мұндай олимпиадалар елордалық оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттырады.

«ДАМУ» КӘСІПКЕРДІ ДЕМЕЙДІ

«Кәсібі бардың, нәсібі бар» деп бекер айтылмаса керек. Елімізде осы саланы дамытуға ерекше ден қойылған. Жеке ісін ашқан азаматтардың бүгінде ісі дөңгеленіп, кәсіп аясы кеңейген. Ал шағын кәсіпкерлікті дамытуда «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының көмегі көп. Қордың қолдауына ие болған сондай кәсіпкерлердің бірі – астаналық «Ultraline» медициналық орталығының директоры, акушер-гинеколог Мақпал Қасымова.



Индира БЕРЖАНОВА

Ең әуелі кәсібін кеңейту үшін Мақпал Қасымова «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасымен «Халық» банкі арқылы 7 жылға 70 миллион теңге несие рәсімдеген. Одан кейін 200 миллион және 106 миллион теңгеге тағы несие алған еді. Бүгінде 14 пайыздық несиенің 8 пайызы қордан төленсе, 6 пайызын кәсіпкер өзі өтейді. Кәсіпкер бұл кәсіпті 2018 жылы бастағанын айтады. Алғашқы кездері қиындықтың болғанын жасырмайды. Әуел баста кәсібін бір ғана бөлмеден бастаған еді. Кейін тағы екі бөлімше ашты.

«2020 жылы өз медициналық орталығымды ашуды жоспарладым. Сол кезде «ВТБ» Банкі ортақ жоба ұсынды. Кейін бірлесіп, аталған жобамен ұзақ жүрдік. Себебі есеп-қисабымыз түгел емес еді. Дегенмен де, несие алып, осы ғимаратқа қол жеткіздік. Бір жыл көлемінде жөндеу жұмыстарын жүргізіп, келушілерді қабылдауды сәтті бастап кеттік. Кәсіп ашамын дейтіндер алдымен, қаржылық сауаттылықты меңгергені дұрыс. Екінші деңгейлі банктердің ішінен шағын кәсіп бастауға «Халық банкі» тиімді шарттарды ұсынады. Сондықтан өзім осы банкті таңдадым» деді ол.

Мемлекеттік бағдарлама игілігімен кәсіпкер несие қаржысына соңғы үлгідегі құрал-жабдықтар алып, қызмет аясын кеңейткен. Қазіргі таңда қала бойынша «Ultraline» медициналық орталығының 6 бөлімшесі бар. Онда 100-ге жуық қызметкер жұмыс істейді. Күнделікті сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін қызмет көрсетеді. Алдағы уақытта орталық басшысы жұмыс кестесін 24/7 режимде іске қосуды жоспарлап отыр. Қаладағы беделді медициналық орталықта, негізінен, гинекология мен ультрадыбыстық зерттеуге басымдық берілгенімен, мұнда терапевт, эндокринолог, уролог секілді мамандар да бар. Сондықтан қазіргі таңда халықтың бұл медициналық орталықтың қызметіне сұранысы жоғары.

– Осы орталыққа УДЗ-ге түсіп, қаралып жүрміз. Мамандардың көрсетіп жатқан медициналық көмектеріне көңіліміз толады. Әсіресе, бағасы қаладағы орталықтармен салыстырғанда қолжетімді. Орталық ішінде дәріхана да бар болғаны тиімді, – дейді елорда тұрғыны Дильназ Рахат.

Ал 50 жыл еңбек өтілі бар тәжірибелі акушер-гинеколог Әмина Кульшарипова осы орталықта екі жылдан бері еңбек етеді екен. Ол келген науқастың диагнозын анықтап, анализдерді өздерінің зертханаларында тапсыртып, қажет дәрі-дәрмегін де орталықта орналасқан дәріханадан алуды ұсынамыз дейді. Айтуынша, медициналық орталықта келушілер үшін барлық жағдай жасалған.

Еліміздегі шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында құрылған «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған Ұлттық жобасы» бағдарламасы аясында екінші деңгейлі банктер арқылы пайыздық мөлшерлемені субсидиялау және кепілдік беру бойынша көмек көрсетеді. Аталған қордың көмегімен жеке кәсіп ашып, еңбек еткеннің нәтижесі болатыны анық. Ал шынайы қолдауды қажет ететін кәсіпті «Даму» қоры демейді.

«ЖАСЫЛ БЕЛДЕУ» ӨРТТЕН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛҒАН?

Өрт – аса қатерлі жау. Күннің күрт ысуына байланысты табиғи өрттің орын алу қаупі арта түседі. Аптапта ыстық пен қуаңшылық кезеңінде ормандардағы өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаудың маңызы өте зор. Осы орайда Elorda.info тілшісі Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Еркін Отарғалымұлымен байланысқа шығып, «Жасыл белдеу» аумағында өртке қарсы қандай іс-шара жүргізіліп жатқанын сұрадық.

Астана қаласы бойынша 12 өрт сөндіру бөлімі бар. Оның ішінде 5 бөлім Байқоңыр ауданына тиесілі. Алматы, Есіл және жаңадан құрылған Нұра ауданында екі-екі бөлімнен болса, Сарыарқа ауданында 1 өрт сөндіру бөлімі жұмыс істейді. Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Еркін Отарғалымұлының сөзінше, бүгінде «Жасыл белдеу» аумағында 10 бақылау мұнарасы тәулік бойы бақылау жүргізеді.

«Жасыл белдеу» аумағының жалпы ауданы 14 705,2 гектарды құрайды. Аумақты өрттен қорғау мақсатында «Астана орманы» ЖШС қызмет атқарады. Бүгінде өртке қарсы жоспар негізінде жұмыс атқарылып жатыр. Аталған жоспар бойынша 360 га аумаққа минералды жолақ салынды. Бұл өз кезегінде өрттің таралып кетуіне жол бермейді. Сонымен қатар «Жасыл белдеу» аумағында 10 бақылау мұнарасы бар. Онда тәулік бойы орманшылар кезекшілік атқарады. Өрт техникасының кезекшілігі 6 бағыт бойынша ұйымдастырылды. Одан бөлек, орманшылар тұрғындарға өртке қарсы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Бүгінде «Жасыл белдеу» аумағында тұрғындар назарына арналған 2 ескертпе қағазы ілінген» дейді Е.Отарғалымұлы.

Айта кетейік, мүмкін болатын табиғи жағдайларды алдын алу мақсатында жұмыс жоспары бекітілген. Ведомствоаралық топтардың күшімен қала аумағында мамырдан бастап 75 рейдтік іс-шара жүргізілген.

Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ

Жарнама жайлы талай рет айтылып, жазылып та келеді. Бірақ, әлі «тәртіпке келдік, қазақшамыз ойдағыдай» деп айта алмасымыз анық. Бас қаланың келбетіне сыртқы жарнамалардың қосар үлесі зор.

ЖАРЫМЖАН ЖАРНАМАДАН ҚАШАН ҚҰТЫЛАМЫЗ?

Қазір аяқты аттап бассаң, қате мәтіннен көз сүрінетін жағдайға жеттік. Алысқа бармай-ақ, қаланың басты орталық көшелеріне барсақ, сондағы сауда орталықтары мен дүкендерде жарнамалық олқылықтардың басым көпшілігі грамматикалық қателіктерден тұратыны белгілі. Керек десеңіз, өзіміз күнделікті мініп жүрген қоғамдық көліктен де кеткен қателерді байқауға болады. Мәселен, автобустарға жазылған «апаттық шығу» деген сөзді қалай түсінуге болады? Кейде тіпті қазақ тіліндегі аудармаға қарап сөз мағынасын түсінудің өзі қиын. Мысалы, көпшілігіміз барып жүрген «Меломан» кітап дүкенінен де осындай әріптік қателер кездеседі. Дүние жүзі тарихының кітаптары қойылған сөренің маңдайшасында «Дүние жүзу тарихы» деп жазылып қойған бұл кітап дүкені қызметкерлеріне ескерту жасалғанымен, еш өзгеріс байқалмайды. «Beeline» байланыс желісінің жарнамасында «Модем» сөзіне көптік жалғау дұрыс жалғанбай, «дер» көптік жалғауының орнына «лер» деген жалғау жалғанған.

Қабанбай батыр көшесінде орналасқан «Забери меня» (қазақша мәні: мені өзіңмен ала кет) түнгі клубының да атауы құлаққа түрпідей тиеді. Клубтың атауына мән бермей ме, жоқ әлде білсе де әдейі бара ма, кім білсін, тепсе темір үзетін қазақтың мықты жігіттері мен «қырық үйден тыйым салынған» қаракөз қыздардың көбі сол жерде жүр.

Астана қалалық Тілдерді дамыту басқармасының тапсырысымен қала көшелеріне орналастырылған жарнамаларға апта сайын мониторинг жасалып, қатесі барлары суретке түсіріліп отырады. Ол суреттер қатесі көрсетіліп, өз кезегінде түзету туралы ескерту хатпен тиісті орындарға жолданады. Алайда жарнама мәтініндегі қатені реттейтін заңдық норма болмағандықтан, қате мәтінмен ілулі тұрған жарнаманы ешбір мекеме алып тастай алмайды. Қазақстан Республикасының Тіл жөніндегі заңының 21-бабына сәйкес, «Мемлекеттік емес ұйымдардың маңдайшалары мемлекеттік тілде, қажет болған кезде орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де орналастырылады. Хабарландырулар, жарнама, прейскуранттар, баға көрсеткіштері, ас мәзірлері, нұсқағыштар және басқа да көрнекі ақпарат мемлекеттік тілде, қажет болған кезде орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де орналастырылады» деген талап бар. Бірақ ол кейде сақталмай жатады.

Жарнамадағы орфографиялық қателік үшін жарнама иесіне 10 АЕК-тен 50 АЕК көлемінде айыппұл салынуы керек. Бір айлық есептік көрсеткіштің қазіргі таңда 3 450 теңге екенін ескерсек, мемлекеттік тілде қателіктер жіберетін жарнама иелеріне бұл жаза – тым жеңіл жаза. Өйткені жарнама берушіге ең көп 50 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынды дегеннің өзінде айыппұл көлемі 172500 теңгені құрайды. Ал қазақ тілін қорлағандар үшін бұл болмашы ақша емес пе?! Сонымен қатар, қаладағы кейбір нысандар маңдайшаларын мемлекеттік және орыс тілінде рәсімдегенімен, көрнекі ақпараттарды тек орыс тілінде безендіреді. «Тіл туралы» заңды бұзған тұлғаларға, ең алдымен, ескерту жасалады. Олар 10 күннің ішінде қатені түзетуі қажет. «Жарнама туралы» заңға сәйкес, өрескел қателері үшін азын-аулақ айыппұл төлеу кәсіпкерлер мен агенттіктер үшін шыбын шаққан құрлы әсер етпейтіні анық. Ал мемлекеттік тілге деп бөлінетін қыруар қаражатты кімнің қайда, қандай олқылықты түзетуге жұмсап жатқандығы белгісіз...

Әрине, бас қала көшелеріндегі жарнама тақталары мен маңдайшалардағы қателерді көргенде, «мемлекеттік тілдің жағдайын бақылап отырған орын жоқ па? Тіл басқармасы қайда қарап отыр?» деген сұрақ туатыны анық. Алайда біздің билік сол тілге қатысты мәселелерді қадағалайтын мекеменің аяғына да заңмен тұсау салып қойған. Дәлірек айтсақ, мемлекет 2018 жылы кәсіпкерлерге қаратылған тілге қатысты бақылау функциясын алып тастаған. Оған «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы мен Ұлттық экономика министрлігі тікелей ұйытқы болған.

– «Сыртқы жарнама тілдік нормаларға сәйкес болуы керек, әйтпегенде айыппұл салынады немесе ескерту беріледі» деп біздің қатысты заңдарымыздың бірнеше тармағында жазылған. Ендеше айыппұл қалай салынады? Айыппұл салу үшін белгілі бір жауапты мекеме болуы керек. Ол талаптарды заңмен сақталуын бақылауы керек. Ал айыппұл салу үшін заңмен бекітілген үлгісі, яғни хаттама үлгісі болуы керек қой, ол жоқ, керек десеңіз, тексеру парағы да жоқ. Осындай жағдайда кәсіпкерге барып қалай қызмет істейсің?! Белгілі бір сауда орнында тіл жөнінде екі ұлт азаматының арасында келіспеушілік туғанда барып, тараптарды татуластырып қайтып едік, прокуратура мекемесі бізге «кәсіпкерлердің есігінен аттап басатын құқығың жоқ» деп ескерту жасады. Мемлекеттік тіл туралы түсіндіру жұмысын да жүргізе алмаймыз, кәсіпкерлерге жақындап кетсек, прокуратурадан ескерту аламыз. Тіпті сол үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылуымыз мүмкін» дейді Астана қаласы әкімдігі Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп.

> Жарнамадағы орфографиялық қателік үшін жарнама иесіне **10** АЕК-тен **50** АЕК көлемінде айыппұл салынуы керек. Бір айлық есептік көрсеткіштің қазіргі таңда **3 450** теңге екенін ескерсек, мемлекеттік тілде қателіктер жіберетін жарнама иелеріне бұл жаза – тым жеңіл жаза. Өйткені жарнама берушіге ең көп **50** айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынды дегеннің өзінде айыппұл көлемі **172500** теңгені құрайды

Қысқасы, қала көшелеріндегі жарнамалар мен маңдайшалардағы жазылған қателерді түзетіп, оның алдын алу үшін сол мәселелерді қатаң бақылап отыратын мекеме және қатал заң керек. Осы тұрғыдан алғанда, Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының аяғын мораториймен матап, түсініксіз себептермен тұсап қою дұрыс емес деп ойлаймыз. Өйткені мемлекеттік тілдің көсегесін көгертіп, мерейін асырамыз десек, сол талаптарды сақтауға жауапты мекеменің бет-беделін де жоғарылату керек.

Жансая АБИРБЕКОВА,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық
университетінің
2-курс студенті

АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Астана қаласының коммуникациялар қызметі алаңында қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Азамат Оспанов ерекше қажеттілігі бар балалар мен мүмкіндігі шектеулі ересектерге арнаулы әлеуметтік қызметтердің көрсетілуі туралы баспасөз мәслихатын өткізді.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Оның айтуынша, Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы 10 ведомстволық бағынысты мекеменің қызметін үйлестіреді. Соның ішінде 2 мекеме ерекше қажеттілігі бар балаларға, 1 мекеме 18 жастан асқан адамдарға және 1 мекеме егде жастағы адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетеді.

Астана қаласы әкімдігінің «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы 18 жасқа дейінгі балаларға және 18 жастан асқан психоневрологиялық аурулары бар мүгедектерге (үйде күтім көрсету жағдайында) арналған. Арнаулы әлеуметтік қызметтер 640 адам қамтиды.

Бүгінде арнаулы әлеуметтік қызметтермен 5556 адам қамтылса, былтыр 5189 адам қамтылған еді. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетудің оң нәтижесі байқалып, 523 қызмет алушының денсаулығы түзеле бастады. Атап айтқанда, 63 бала мектепке барып, 14 бала жүре бастады. 90 балада қарым-қатынас дағдысы, 132 балада есте сақтау қабілеті жақсарды. 27 бала өз бетінше тамақтана бастап, 54 бала жүзуді үйренді. Ерекше қажеттілігі бар балалардың ата-анасы – 76 адам жұмысқа орналасты. Мүмкіндігі шектеулі 11 адам еңбекпен қамтылды.

Спикердің сөзінше, Астанада 150 төсек-орынға арналған мүмкіндігі шектеулі жандарды бейімдеу орталығын салу жоспарланған. Бұған қоса, психоневрологиялық ауытқулары бар жандар үшін 100 орындық орталық ашу мәселесі қарастырылып жатыр. 1,5 жастан 18 жасқа дейінгі ерекше қажеттілігі бар балалар мен жасөспірімдерге 30 орындық жартылай стационар жағдайындағы мекемені ашу үдерісі жүргізіліп жатыр.

3,1 МЫҢНАН АСТАМ ӨТІНІМ ТҮСТІ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі осындай ақпарат таратты. Жеңілдетілен микрокредиттің мөлшері 5 млн теңгеге дейін, ал қатысудың ең ұзақ мерзімі – 5 жылға дейін (кез келген мақсатқа) немесе 7 жылға дейін (мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін). Номиналды сыйақы мөлшерлемесі жылдық 2,5%-дан аспайды.

Кредит алушылардың басым көпшілігі мал шаруашылығы, қызмет көрсету, сауда, өсімдік шаруашылығы және жеңіл өнеркәсіп саласын қамтыды. Сондай-ақ микрокредит 21 жастан 35 жасқа дейінгі жастарға өз кәсібін ашуға немесе оны кеңейтуге, 5 жылдан аспайтын мерзіммен жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жағдайда беріледі. Бұл ретте қатысушылардың «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ-ға өтініммен жүгінген уақыттағы жасы ескеріледі.

Кепілмен қамтамасыз етудің болуы міндетті шарт болып табылады. Ол ретінде жылжымалы (мамандандырылған техника) және жылжымайтын мүлік қабылданады. Кепілмен қамтамасыз ету болмаған жағдайда кепіл берушіні (ата-аналарын, туыстарын және т.б.) тартуға болады. Өтінім беру үшін құжаттар пакетін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ филиалына тапсыру қажет.

СТЕКЛО – ӘЙНЕК ПЕ, ШЫНЫ МА?

Бірде жолаушылар көлігі аялдамасында тұрып, сондағы жарнамаларды оқып тұрсам, көзіме мынадай жолдар түсіп кетті: әйнекті сары жәшікке тастаңдар, ал орысшасында стеклоны сары жәшікке тастаңдар деп. Екінші бір оқиға Орталық саябақтағы суға түсетін орынға барып жүремін. Сонда киім ауыстыратын жер бар. Сол орында орысша «раздевалка», ал қазақша «киім ауыстыратын бөлме» деп жазып қойыпты. Менің білуімше, бөлмелер ғимараттарда болады. Мен көрген бөлмеге жатпайды, олар төбесі ашық, тақтаймен қоршалған, сырт көзден жасырынып, шешіну үшін жасалған орын. Осындай қателерді қаланың жарнамаларынан жиі көресің. Осыларға жауапты мекемелер бар, онда біраз қазақ азаматтары қызмет атқарады. Ертеректе Есіл ауданының бір кабинетіне цирк пен мемлекеттік ту орналасқан жерлердегі сынып жатқан орындықтарды, құлап жатқан жарық шамдарды айтайын деп кірсем, кабинетте бес-алты үстел бар екен, төрде отырған азамат: Ол қай жерде деп сұрақ қояды. Менің байқауымша, бұл кабинеттің әр үстелінде бір қызметкер мемлекеттен жалақы алып отыр. Аудан аумағында не болып жатқанын білмейді. Оған оларды кінәламаймын. Оларға жоғары басшысы қағаз жұмыстарын беріп қойған, оның кабинеттен шығуға мұршасы жоқ. Содан олар кабинеттік қызметкерге айналған. Ал ел Президенті халықтың арасында көбірек болыңдар деп айтып жатыр. Оны орындауға ынталанып жатқан жергілікті басшылар жоқ.

Күнде теледидар қараймын. Онда, көрумен қатар, жүгіртпе жолды оқып отырасың. Қазақша жолдардан қате жиі кездеседі. Екіншіден, кейбір хабарландаруынан толық жауап алмайсың. Олай дейтінім, мысалы, «5 өңірде жаңбыр жауады» деді. Ол қай өңірлер деп өзіңе сұрақ қоясың. Өңірдің санын айтқанша, оның аттарын атаса қайтеді?!

Ана тіліміздің мәртебесін көтеру туралы көп айтылып та, жазылып та жатыр. Одан көзге түсетіндей нәтиже көріп тұрғаным жоқ. Мемлекеттік тілді құрметтеуді ең бірінші мемлекеттік қызметкерлерден бастау керек шығар. Отыз жылдай бір-бірімізді үгіттеп келеміз, қашан нақты нәтижеге жетеміз?

Еркін ДӘУЕШҰЛЫ,
еңбек ардагері,
зейнеткер

МҮСІРЕПОВ ТЕАТРЫНЫҢ «СЕЗІМ САПАРЫ»

16-18 маусым күндері «Сезім сапары» атты спектакль-туры аясында Астанада Ғ.Мүсірепов атындағы Мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының гастролі өтеді.

Өнер ошағы осы үш күн бойы «Жастар» театры сахнасында күніне екі рет Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықовтың әйгілі романы желісімен «Махаббат, қызық мол жылдар» спектаклін ұсынады.

Осыдан тура екі жыл бұрын премьерасы өткен спектакльдің қоюшы режиссері Фархад Молдағали қойылымды заманауи нұсқада ұсынып, осы заманға жақындатты. Бұл, бір жағынан, заман ағымынан қалмаудың амалы болса, екіншіден, қазіргі жастарды қызықтыру үшін жасалды. Бірақ шығарма арқауы сол – Ербол мен Меңтайдың махаббаты. Жазылғанына жарты ғасырдан асқан туынды XX ғасырда ең оқылымды шығармалардың бірі болды. «Махаббат қызық мол жылдар» – XXI ғасырда да сұранысқа ие романдардың бірі. Оған «Фолиант» баспасының кітапты қайта басып шығаруы, туындының экрандалуы дәлел. Ал сахналық қойылымда танымал театр және кино әртістері Дархан Сүлейменов, Гүлбаһрам Байбосынова, Мақсат Сәбитов, Ерден Жақсыбеков, Толқын Нұрбекова, т.б. актерлер кейіпкерлерді сомдайды. Спектакль «Жастар» театрында әр күн сайын сағат 14.00 және 18.30-да басталады.

«АТАМЕКЕННІҢ» ЖАҢА МАУСЫМЫ

Бүгін елордада «Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалды кешені кезекті маусымын бастайды. Жиырма жылдан астам тарихы бар мәдени ошақ ондағы макеттер арқылы Астана, Алматы, Шымкент секілді республикалық маңызы бар қалалар мен ел аймақтарын алақанға қондырғандай етіп көрсетеді.

Аталмыш кешен – елордаға ғана емес, елімізге туристерді тартатын тетіктердің бірі. Мұнда республикалық қалалар мен облыс орталықтарындағы көрнекті ғимараттармен, өңірлердің табиғатымен, жер бедерімен де танысуға болады. Мәселен, қысы-жазы асқақ шыңдарынан қар кетпейтін Алатауды, қойнауы тылсым сырға толы Қаратауды, ұлт ұясы – Ұлытауды, киелі Отпан тауды көруге болады. Майлы қиян жеріндегі Бекет ата, Шопан ата, Ұлытаудағы Алаша хан, Жошы хан, Жұбан ана кесенелері, Каспий теңізінің шағын көшірмесі ерекше әсер сыйлайды. Астанаға арналған алаңда ЭКСПО қалашық та орын алды. Оны «Нұр әлем» павильоны айшықтап тұр.

Кешеннің осындай танымдық сипатымен қатар тәрбиелік мәні де зор. Осында жазғы демалыстарда мектеп оқушылары экскурсия жүргізуші болып жұмыс істеп, сәйкес еңбекақы алады. Олардың өздері арнайы емтихан арқылы жұмысқа қабылданады. Мысалы, әр экскурсия жүргізушісі кемінде үш тіл білуі керек. Солардың бірі түрік, француз, неміс, испан, қытай, корей тілі болса да құпталады. Әрине, Қазақстан тарихы мен географиясын да білу қажет.

КӨРМЕДЕ – БАТЫРЛАР ҚАРУ-ЖАРАҒЫ

Ұлттық музейде суретші, қару зерттеуші-этнограф, тарих ғылымдарының кандидаты Қалиолла Ахметжанның «Қазақ батырларының қару-жарағы» атты көрмесі өтіп жатыр. Аталмыш көрмені 30 маусымға дейін тамашалауға болады.

Қалиолла Ахметжан шығармашылықпен қатар 40 жылдан астам қазақтың дәстүрлі қару-жарақтарын, жалпы Қазақстандағы көшпелі халықтардың қару-жарағын зерттеп келеді. Бұл тақырыпта оның 120-дан астам мақаласы мен 6 монографиясы жарық көрген. Ол – еліміздегі қазақтың дәстүрлі қару-жарақ тарихын зерттеуші жалғыз білікті маман.

Ол әр дәуірдегі көшпелі жауынгерлердің көптеген қару-жарағын ғылыми-графикалық қалпына келтіріп, сол үшін еліміздегі және шетелдегі ғылыми қоғамдастықтың жоғары бағасына ие болды. Бұл – қару-жарақтың кейбіреуін кезінде қазақтың атақты батырлары ұстаған, олардың ұрпақтары мен музейлер коллекцияларында сақталған ескерткіш бұйымдарының қалпына келтірілген көшірмелері. Бұл қатарда Бөгенбай батырдың дулығасы, Қабанбай батырдың шарайнасы, Арыстан сұлтанның қалқаны, шарайнасы мен найзасы, Жанқожа батырдың селебесі және т.б. құнды заттар бар.

Көрмеге қалпына келтірілген қазақ жауынгерлерінің шабуыл қаруларының және қорғаныс жарақтарының түрлері мен типтері, ату және суық қарулар және олардың жабдықтары, жауынгерлік бас киімдер, сауыт-саймандар қойылды.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ӨНЕРІ ӨРЛЕГЕН ӨРЕН

Астана – білімді, өнерлі балалардың талантын танытып, өрісін кеңейткен айрықша қала. Қаншама бүлдіршін мен түлек қанатын жайып, темірқанаттанған қасиетті орда. Елордада жыл сайын түрлі байқаулар, өнер фестивальдері тұрақты түрде өтетіні белгілі.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Абылайды сондай байқаудың бірінде кездестірдім. «SHATTYQ-2023» қалалық байқауында өнер көрсеткен әнші оқушының әуенін Абылай фортепианода сүйемелдеп тұрды. Нәзік саусақтарымен музыка аспабында шебер ойнауы, өзін-өзі ұстауы, музыкалық ноталарды сондай асқан әдемілікпен орындауы ұнаған еді. Сахнада өнер көрсеткен олар байқаудың Гран-приін жеңіп алғанында да қатты қуандым. Кейін Абылай туралы сұрастырып жүріп, елордадағы №79 мектеп-лицейінің 7-сынып оқушысы екенін білдім. Ерғалиев Абылай Қасымұлы. 12 жаста. Сынып жетекшісі – Мақпал Ахмедиярова.

Абылай – №1 балалар музыка мектебінің 6-сынып оқушысы, оған фортепианодан дәріс беріп, кәсіби баулыған ұстазы – Астана қаласындағы жетекшісі Алма Абдрахманова.

– Абылай фортепиано сыныбы бойынша оқиды. Барлық пәндер бойынша тамаша бағалары бар. Абылай еңбекқор және тәртіпті. Үлкендерге құрметпен қарайды. Түрлі деңгейдегі концерттер мен конкурстарға белсенді қатысады. Жоғары нәтижелерге ие, – дейді шәкірті туралы музыка мектебінің мұғалімі А.Есмұханқызы.

Абылайдың жетістіктері:

✔ 2020 жылы III International online festival – contest «Viva – music» «Malachite box» 1-орын жүлдегері.

✔ 2020 жылы Түркия қаласындағы Caspi art uluslararasi sanat yarişmasi (fotoğraf ve video kayitlar uzerinden) 3-орын жүлдегері.

✔ 2021 жылы Астана қаласында Карл Чернидің 230 жылдығы аясында өткен «Шапшаң саусақтар» мектепішілік этюдтер байқауының 1-дәрежелі лауреаты.

✔ 2021 жылы Астана қаласында ҚР Тәуелсіздігі және №1 балалар музыка мектебінің 30 жылдық мерейтойы аясында Қазақстан композиторларының фортепианоға арналған шығармаларынан балалардың музыка және өнер мектептері оқушылары арасындағы I- республикалық онлайн «Жас жұлдыз» пианистер байқауының бас жүлде иегері.

✔ 2023 жылы «Қазақстан композиторларының фортепианоға арналған шығармалары» Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің жас музыканттары арасындағы III республикалық онлайн «Жас жұлдыз» пианистер байқауының 1-орын жеңімпазы.

✔ 2023 жылы Астана қаласы білім мекемелерінің балалары мен жасөспірімдері арасында өткізілген XVI «SHATTYQ-2023» қалалық байқауының «Алтын жүлде» иегері атанды.

Абылай өте еңбекқор, бос уақытында ағылшын тілін үйреніп, жүзумен айналысады, сурет салғанды жақсы көреді. Сондай-ақ мықты маман, құрылысшы әкесі Қасымның үйде жасаған шаруаларына, жиі қонақ күтетін анасы Жанатқа асүйдегі істеріне көмектесіп, қолғанат болып жүр. Көп оқып, көп ізденеді. Үйдің кенжесі болғанымен, мінезі өте салмақты, ұстамды. Болашақта жақсы маман, мықты музыкант болары сөзсіз. Абылайға тек қана сәттілік серік болсын дейміз!

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №70

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**